

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
Р.Сакенова
А.Калиолданова

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
5-сыныбына арналған оқулық

5



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72
З-15



Дербес компьютерге арналған электронды қосымшаны www.арман-рв.кз сайтынан Virtual CD бөлімінде жүктеп алуға болады.



Смартфонға тегін «Сканер QR» қосымшасын жүктеп ал. Сол арқылы мына QR кодтан «Абайтану» оқулығының қосымшасын жүктей аласың. Жүктелген қосымшаны ашып, тақырыптағы QR кодқа смартфонды жақындатсаң, қажетті ақпарат шығады.

Зайкенова Р. ж.б.
З-15 **Абайтану:** Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған оқулық. / Зайкенова Р., Сакенова Р., Калиолданова А. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2022. – 128 бет.

ISBN 978-601-318-438-8

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72

ISBN 978-601-318-438-8

© Зайкенова Р.,
Сакенова Р.,
Калиолданова А., 2022
© «Арман-ПВ» баспасы, 2022.

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Төмендегі шартты белгілермен таныс. Шартты белгілер саған оқулықпен дұрыс жұмыс жасауға бағыт-бағдар береді.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

- | | | | |
|---|---------|---|----------|
| 1 | Білу | 4 | Талдау |
| 2 | Түсіну | 5 | Жинақтау |
| 3 | Қолдану | 6 | Бағалау |

Зертте

ізденімдік-зерттеушілік тапсырмалар

Тірек сөздер

мәтін мазмұнын меңгертетін негізгі сөздер

Сенің түйгенің

алған білімді түйіндеп, өмірде қолдануға арналған тапсырмалар



Сөзмаржан – түсіндірме сөздік



Абайтану әліппесі – абайтану ғылымының түсініктері



Білгенге маржан – танымдық мәліметтер, танымал тұлғалардың пікірлері



Жазып көр – абайтану ғылымының түсініктерін меңгерту тапсырмалары



Шығармашылық тапсырмалар – дамыту тапсырмалары



Кітап – білім бұлағы – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



VCD (Virtual CD) – шығармалардың аудионұсқасы, интербелсенді тапсырмалардан тұратын электронды қосымша



Тыңдалым материалдары

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті жас жеткіншек! «Абайтану» – жаңа пән. Бұл пәннің ерекшелігі – тек Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын қарастыруында.

Абай шығармаларын оқи отырып, қазақ әдеби тілінің құнарын игересің. Халқымыздың ұлттық мінез-құлқын, ұлттық құндылықтарды бағалауды үйренесің. Осылайша ұлттық кодты танысың. Ұлттық код дегеніміз – ұлттың негізі (болмысы). Әр халық өз болмысын сақтағанда ғана ұзақ жасайды. Ақын туындылары халқымыздың болмысы, тарихы, мәдениетіне құрылған.

Пәннің мақсаты – ақын шығармалары арқылы сендерді өзіндік даму бағыты бар, сыни ой-пайымы қалыптасқан, әдеби тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға болуға жетелеу.

Пәннің міндеттері – Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру. Шығармалардағы ізгілік, имандылық, мораль қағидаттарын таразылап, осы ілімдердің негізін терең таныту.

«Абайтану» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, хрестоматия және электронды қосымшасы (VCD – Virtual CD) кіреді.

Оқулықта «Абайдың өскен ортасы, тұлғалық ерекшеліктері», «Білімдіден шыққан сөз», «Мініңді ұрлап жасырып», «Безендірген дүниені тәңірім шебер» деген төрт тарау бойынша ақын шығармашылығы талданды, ал хрестоматияда осы шығармалар берілді. Сол себепті оқулықты хрестоматиямен бірге пайдаланып отыруды ұмытпа. Алайда оқу бағдарламасын толық қамтып, материалдарды жан-жақты түсіну үшін тек оқулық мазмұны аздық етеді. Сондықтан әр тақырыптан соң «Кітап – білім бұлағы» айдарында және оқулықтың соңында пайдаланылған қосымша әдебиеттер, электрондық қорлар тізімі ұсынылды.

«Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау», «Бағалау», «Шығармашылық тапсырма», «Зертте» тапсырмалар тобын жеке, жұппен және топпен орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілірек меңгересің.

«Сенің түйгенің» айдарымен берілген сұрақтарға жауап іздеп, жасаған тұжырымыңды өмірде қолдануға дағдыланасың.

Электронды қосымшада бейне, аудио жазбамен қатар оқу нәтижелерін бақылау, өзін-өзі тексеру тапсырмалары бар.

Іске сәт, жас дос!

I ТАРАУ

АБАЙДЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ, ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың кім екенін, өскен ортасын;
- оның тұлғалық ерекшелігін;
- М.Әуезовтің Абайды танытудағы еңбегін;
- Абайдың білімге деген көзқарасын білесің;
- ақынның білімді жастарға қоятын талабын түсінесің.

КІРІСПЕ

«Абайтану» пәнінің ерекшелігі неде?

«АБАЙТАНУ» ПӘНІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК



АБАЙ

● Меңгерілетін білім:

- шығарманы пайымдап оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну.

Сен Абай атаңның шығармаларымен танысуды бастайсың. Абай Құнанбайұлы XIX ғасырда өмір сүрді. Алайда оның шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Себебі «Абайтану» пәні ақын шығармалары арқылы халқымыздың салт-дәстүрін, ана тілінің құдіретін танитын саналы ұрпақ тәрбиелеуді көздейді.

Ақын мұрасын оқыту, бағалау, насихаттау – жалпыадамзаттық мәдениеттің бір алыбының даналығын паш ету.

Абай туындылары өлеңдерден, аудармалардан, қарасөздерден тұрады. Осы шығармалар арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін меңгересің. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуді, үлгі-өнеге алып, күнделікті өмірде қолдануды үйренесің.

Ақын шығармалары өз заманында халық арасында алдымен ауызша, кейінірек қолжазба күйінде таралды.

Абай қайтыс болған соң, оның немере інісі Кәкітай Ысқақұлы ақын мұраларын жинақтап, баспаға дайындады. Осылайша 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Бораганский баспаханасында тұңғыш жинақ жарық көрді. Кітапта ақынның Кәкітай жазған

● Тірек сөздер

Абайтану
Адамзат ақыны
Ғалым
Ғылыми еңбек
Зерттеу



ƏЛИХАН БƏКЕЙХАН

бірінші өмірбаяны да ұсынылды. Бұл басылымның ерекшелігі – Абайдың өмірін, шығармашылығын қалың жұртқа алғаш таныстыруында.

Ал Мұхтар Әуезов ақынның ғылыми өмірбаянын жазып, шығармаларын екі томдық етіп құрастырып, 1933 жылы баспаға ұсынды. Осыдан бастап Абайды тану ғылыми сипатқа ие болды.

Ақын шығармашылығын зерттеудің іргесін қалауда Əлихан Бəкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды ұлтымыздың біртуар ұлдарының да еңбегі зор. Одан соң Әуелбек Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев, Төлеген Тəжібаев т.б. зерттеушілер абайтануға үлкен үлес қосты.

«Абайтану» атты арнаулы курс тұңғыш рет 1943 жылы қазіргі əл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-де ашылды. Академик М.Әуезов осы курстың бағдарламасын жазып, университетте өзі жүргізді. Сондай-ақ 1944 жылы М.Әуезовтің ұйымдастыруымен Ұлттық ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтынан «Абайтану» бөлімі ашылды. Ғалым ақын өмір сүрген кезеңнің тұтас тарихын жасады.

Ғалым-зерттеушілердің жолын Қайым Мұхамедханов, Зəки Ахметов, Мекемтас Мырзахметов, Рабиға Сыздық, Ғарифолла Есім, Жаңғара Дəдебаев, Серік Негимов, Жабал Шойынбет, Дандай Ысқақұлы сияқты т.б. ғалымдар жалғастырды. Олар абайтану мәселелері бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми еңбектер жазды.

Осыдан бір ғасыр уақыт бұрынғы Ахмет Байтұрсынұлының «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген өсиеті қазір жүзеге асып жатыр. Өйткені Абай барша әлемге есімі қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат *«адамзат*



АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



ЖҮСІПБЕК
АЙМАУЫТҰЛЫ

Сөзмаржан

Бойтұмар – дұға, аят жазылған, мойынға тағылатын қастерлі зат

Интеллектуалды ұлт – бұл жерде: бәсекелестік қабілет деңгейі жоғары халық, яғни саналы, тәрбиелі, білімді, еңбекқор ел

ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақыл-гөйі» болып көтерілді. Қазіргі жастар үшін Абайды оқып-үйренудің маңызы зор. Себебі ақын қағидалары – бүкіл адамзаттың ұстанымдары.

Абай мұрасын зерттеу, насихаттау ісі дамып келеді. Мысалы, Абай ғылыми-зерттеу институты абайтану тарихында алғаш рет «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымының 50 томын «Қазақ университеті» баспасынан дайындап шығарды. Сондай-ақ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты «Абай» интерактивті кешенін әзірледі т.б.

Жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында «Абайтану» пәнін оқыту қолға алынды.

Хакім туралы мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы», – деді. Демек, ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары туралы Абай пайымын тану – сенің міндетің.

Абайдың балалық шағы мен өскен ортасын жазылған мақала мен көркем шығармалар арқылы көз алдыңа елестетесің.

«Абайтану» пәні бойынша сен ақын шығармаларының барлық жанрын саралап, ішкі табиғатына үңілуді үйренесің. Өз ой-пікіріңді жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алуды, көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазуды, оқу материалдарын салыстырып, саралап, талдай алуды игересің.

Абай шығармаларының тақырыптық және тәрбиелік мәнін саралап, қажетті тұлғалық қасиеттерді білетін боласың. Шығармаларды пайымдап оқып, ондағы көтерілген мәселені анықтап, көркем мәтіндегі сөз образдарының эстетикалық және ұлттық, тарихи құндылығын бағалауды үйренесің.

1

Білу

1. Абай қай кезеңде өмір сүрген?
2. Ақынның қандай өлеңдерін білесің?
3. «Абайтану» курсының негізін салған кім?

2

Түсіну

1. Неліктен «Абайтану» ерекше пән дейміз?
2. Ақын мұралары не себепті ғасырлар бойы маңызын жоймайды?
3. Не себепті Абай адамзат ақыны атанды?
4. Неге Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы?

3

Қолдану

1. Топтық жұмыс. Кіріспені топ арасында бөліктерге бөліп, пайымдап оқыңдар.
2. «Ойды жалғастыр» әдісімен мәтіннен бір үзінді келтіріп, келесі оқушыға оны өз ойымен жалғастыруды ұсыныңдар.

4

Талдау

Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша «Үш түрлі күнделік» толтырыңдар.

Жұмыс нәтижесін жұбыңмен талдаңдар.

Мәтіндегі ерекше әсер еткен сөздер, сөз тіркестері	Бұл сөздерді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

5

Жинақтау

Мәтіндегі *қуат*, *құнар*, *күш*, *мұра* сөздерінің лексикалық және ауыспалы мағыналарын анықта. «Құндылықтар спектрі» әдісі бойынша олардың мәтіндегі қолданысын көрсет.

Лексикалық
мағынасы

Сөздер мен сөз
тіркестері

Ауыспалы
мағынасы

1. «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» дегенді қалай түсінесің? Осы сөзбен келісесің бе?
2. «Абай ұрпағымын» деп кім айта алады?



Білгенге маржан

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да, түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Ахмет Байтұрсынұлы



Шығармашылық тапсырма

1. Хрестоматиядағы «Абай образын ұлықтаған жазушы» тақырыбындағы (97–99-беттер) мәліметтермен таныс. Презентация жаса.
2. Хрестоматиядағы «Абайды алғаш зерттеушілер» тақырыбын (161–163-беттер) оқып, хабарламалық эссе жаз.

Сенің түйгенің

Тақырыптан қандай ой түйдің? Оны өз өміріңде қалай қолданысың?



Кітап – білім бұлағы

Абай өлеңдері мен шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003. –296 б.

МҰХТАР ӨУЕЗОВ. «АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ» МАҚАЛАСЫ

БАЛА АБАЙ



МҰХТАР ӨУЕЗОВ

● Меңгерілетін білім:

- шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру;
- шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау.

Мұхтар Өуезов қазіргі Абай облысы Абай ауданының Бөрілі ауылында 1897 жылы дүниеге келген. Мұхтардың атасы Өуез Абай ауылымен көрші болып, жақын араласып тұрған.


Өуез арабша сауатты кісі болған. Немерелерін де үйде өзі оқытқан. Абайдың шығармаларын, аудармаларын жаттатқан. Жазушы «Менің өмірбаянымда»: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан шығар... Ал аздап қара таныған соң, өлеңнің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер біртүрлі ұзақ, түсініксіз. Ара-арасында «Фошкин», «Лермонтып», «Қрылоп», «Татьян мен Анегин» тәрізді бұрын құлақ

естімеген, оқшау, өзгеше есімдер естіліп қалады. Молдаға ұқсап, атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын», – деп жазады.

Мұхтар 1912 жылы Семей қаласындағы училищеге түсіп, оны үздік бағамен бітіріп шығады. Болашақ жазушы осы оқу орнында ең алғашқы «Дауыл» деген әңгімесін жазады. М.Өуезов 1915 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семинарияны бітірген соң қоғамдық-саяси жұмысқа араласа жүріп, көптеген шығармаларын дүниеге келтіреді.

● Тірек сөздер

Ақын
Өмірбаян
Шығармашылық
Шағатай жазуы
Шығыс



Тұңғыш академиялық жинақ

Зертте

Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Ахмет Риза медресесі туралы зерттеу жүргіз. Жинаған ақпаратыңнан презентация жаса.

VCD 01

Дискідегі М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» тарауынан үзіндіні тыңдап, Абайдың ата-анасымен қарым-қатынасына баға бер.

Сөзмаржан

Шағири – ақын
Фәрияд – дауыс, үн.
Бұл жерде: тілек, сиыну мағынасында

Мұхтар Әуезов 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытұлымен бірге Семей қаласында «Абай» журналын шығара бастады. Сонымен қатар М.Әуезов Абай шығармашылығын зерттеумен айналысты.

М.Әуезов 1933 жылы тұңғыш рет Абайдың шығармаларынан тұратын екі томдық академиялық жинағын құрастырып шығарды. Жинаққа М.Әуезов жазған «Абай өмірбаяны» мақаласы алғаш рет енгізілді.

Осылайша ол ұзақ жылдар бойы сан алуан деректерді зерттеп, Абайдың **ғылыми өмірбаянының** төрт нұсқасын жазып шықты.

Жазушы Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасын 1933 жылы, 1940 жылы екінші нұсқасын, ал 1945 жылы үшінші нұсқасын, 1950 жылы төртінші нұсқасын жазған. (Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы 1997 жылы осы өмірбаяндардың барлығын жинақтап, «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген атаумен жариялатты).

Жазушы ақынға арналған еңбектерінде Абайдың бүкіл өмірі жайлы мол мағлұмат береді.

«Абай Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған (Сырт Қасқабұлақ ауылында Р.З.) Арғыннан тарайтын Тобықты руының ішінде 1845 жылы 23 тамызда (ескіше 10 тамыз) туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген қол бастаған батыр, ел бастаған билер болған».

М.Әуезов өмірбаяннан басқа 4 кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясын да жазған.

Жазушы өмірбаянда Абайдың әкесінің де бейнесін жан-жақты ашады: «Құнанбай – оқуды, білімді зор бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, қоғамына білім таратып, ұстаздық ететін шетел адамдарын қатты күткен. Бұның қолына кеп, қазақпен туысып, анық қазақ боп кеткен әлденеше ұлттың адамдары бар».

Абай алғаш сауатын Ғабитхан молдадан ашады. Ғабитхан – бір себептермен елінен қашып, қазақ арасына сіңген татар молдасы. Құнанбай оған көп қамқорлық жасап, туған інісіндей бауырына тартады. Ғабитхан Құнанбай аулының бүкіл баласын оқытады. Абай түркі халықтарына ортақ **шағатай** жазуын осы молдадан үйренді.

10 жасқа келгенде әкесі оны Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне оқуға береді. Сонымен қатар ол «Приходская школа-сында» үш ай оқып, орысша сауатын ашады.

Аталмыш медреседе діни оқумен қатар жаңаша (жәдидше) оқыту түрі жүреді. Атап айтқанда, сөз өнерінің заңдылықтары, математика, жағырафия, жаратылыстану сияқты жекелеген пәндерді де меңгереді.



Ахмет Риза медресесі

Абай шығыстың классик ақындарының шығармаларымен танысып, оларға өлең жолдарын арнайды:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафиз – бұ һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд, – дейді.

Бұл жерде бұлардың бәрі (бұ һәммәси) – жақсы шайырлар (шағири), сондықтан жас ақындарға «медет бер» деген мағынада айтылған.

Бірақ 3 жылдан соң әкесінің қалауымен оның оқуы аяқталады.

1

Білу

1. Абай шығармаларының алғашқы екі томдық академиялық жинағын кім құрастырды?
2. Өмірбаян деген не?
3. М.Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянының қанша нұсқасын жазды?
4. Абай Құнанбайұлы қайда, қашан дүниеге келді?
5. Абай алғаш сауатын қалай ашты?
6. Бала Абай кімдерге өлең арнады?

2

Түсіну

1. М.Әуезовтің жас кезінен Абай шығармаларымен таныс болуына кім себепкер болды?
2. Әкесі Абайды Семейдегі Ахмет Риза медресесіне қандай мақсатпен берді?
3. Ахмет Риза медресесінде Абай нені меңгере алды?
4. Ол медреседе оқып жүріп, шығыстың қандай классик ақындарының туындыларымен танысты?
5. Абай не себепті шығыс ақындарына өлең жолдарын арнады?

3

Қолдану

1. Хрестоматияда берілген ақын өмірбаянын оқы.
2. Мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықта.
3. Тақырып қанша бөлімнен тұрады?
4. QR-cod арқылы мәтінді тыңдап (13-бет), ақынның балалық шағына саяхат жаса.

5. «Абайдың өмірбаяны» мақаласының өзіңе ұнаған бөлігін таңдап, тақырып қой және жоспар құр.

Үзінді	Тақырып	Жоспар

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. Хрестоматиядан Құнанбай туралы мәтіндерді оқып (63–67, 94–96-б.), әке бейнесін талдаңдар.
2. Топтық жұмыс. Шығармадағы көтерілген мәселені анықтап, маңызын талқылаңдар.

5

Жинақтау

1. Қандай қасиеттері жас Абайды басқалардан ерекше етіп көрсетеді?
2. Ақын туралы білгеніңді «Түртіп алу» кестесіне толтыр.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

6

Бағалау

Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны» еңбегінің маңызы неде?



Білгенге маржан

Шағатай тілі (жазуы) – орта ғасырлардағы ортаазиялық-түркі әдеби-жазба тілі. «Шағатай» сөзі Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның атауына байланысты алынған. Шағатай тілі араб әліпбиін пайдаланған. Бұл тіл араб, парсы және көне түркі тілдерінен кірген сөздерден тұрған.

<https://e-history.kz/>



Абайтану әліппесі

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат. Өмірбаянның үш түрі бар.

Өмірбаянның бірінші түрі – адамның өз өмірі туралы баяндауы.

Өмірбаянның екінші түрі – ақын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғаммен байланыстыра баяндауы.

Өмірбаянның үшінші түрі – белгілі тұлғалардың өмірін басқа кісінің баяндауы. М.Әуезов жазған Абай өмірбаяны үшінші түріне жатады.

Ресми-іскери қазақ тілі



Жазып көр

Өмірбаянның бірінші түрін жаз.



Шығармашылық тапсырма

1. Хрестоматиядағы мәліметтерді (5–35-беттер) оқы. М.Әуезовтің ақынды танытуға сіңірген еңбегіне баға бер.
2. Хрестоматиядағы ақын туралы мәліметтермен (103–105-беттер) таныс. Ақын заманы туралы ойтолғау жаз.



Сенің түйгенің

1. Ақын өмірбаянынан қандай маңызды жайттарды анықтадың?
2. Сен шетелден келген досыңа Абай өмірбаянын қалай таныстырар едің?



Кітап – білім бұлағы

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы. (Құрастырып, алғы сөзін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Мұхтар Әуезов: энциклопедия/ Бас ред. С.А.Қасқабасов; Бас ғыл. жетекші М. Мырзахметұлы. – Алматы: Атамұра, 2012. – 688 б.

«АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ» МАҚАЛАСЫ

Абай даналыққа қалай келді?

ДАНА АБАЙ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу;
- шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту.

Тірек сөздер

*Сықақ өлең
Батыс әдебиеті
Аударма*

Абай өлең жазуды 10 жасында бастаған. Алғашқы өлеңі «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» деген бір шумақтан тұрады.

Абайға ақындық нағашы жұртынан келген. Нағашылары Қонтай-Тонтайлар – Арғынның атақты Қаракесек, Шаншар руынан шыққан шешендер. Олар шетінен шақпа тілді, тауып айтатын сөзшең жандар болған.

М.Әуезов ақын өмірбаянында былай жазады: «Абайдың өз шешесі Ұлжан Қаракесек руы ішінде Бертис бидің

тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрланмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңмен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыш, күлдіргілер болған. Бұл әдет – Бертис Шаншар руына түгел жайылған мінез. Осы күнге шейін ел Шаншардың қулары дегенде: кісіні жазым қылып кететін ит-құстың жайын айтқандай сөйлейді. Әлі күнге Қояндыда, үлкен жәрмеңке, қалың жиындарда, бір жерге тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: «Ойбай, Шаншар келе жатыр!» деп өрттен қашқандай дүркірей қашады деседі. Бұл әдет – Шаншардың мысқыл-мазаққа ұста болып, тауып айтқыш өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да, мінін таппай қоймайды: мінін тауып алса, түндігін ұшырғандай қылып айтады. Сөз шабуылымен кімнің де болса, есін шығарып, есеңгіретіп кетеді». Абай да жастайынан кейбір адамдарға өзілдеп арнау өлең айтуды әдетке айналдырған. Мәселен, «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа» деген өлеңдері осылай туған. (Бұл әдеби тілде **эпиграмма** деп аталады). Оның өлеңдерін айналасындағы өнерпаз жастар жаттап алып, жұртқа таратып отырған.

Абайдың бала кезінен өлең жаза бастағанын М.Әуезов «Абай жолы» романында былай келтіреді: «...Бұл өзінің биыл көктемде Науаи, Фзулиді оқып жүріп жазған өлеңі болатын. Отырғандар өлі де дел-салда. Күдік етушіден де, шын дұғалық екен деушілер көп. Бала солардың шама-шарқын танып, мысқыл еткендей боп алдаңқырап келді де, енді шынын танытпақ боп, даусын ашық етіп қатайтып алды. Тағы да көзін жұмып, түсін томсартып, құран аударған молдадай, ілгері-кейін теңселе беріп, былай дейді:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап.

Абай өзіне талай ертегі айтып беріп, тәрбиелеген әжесі Зеренің құлағы естімей қалғанын қатты уайымдайды. Оған айналасындағылар: «Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады», – дейді. Ауыл әйелдері де: «Мына балаң молда боп келді ғой, үшкірт балаңа!», – деп кеу-кеулеген соң, Абай әжесінің құлағына «Иузи рәушан, көзі гауһар» деп басталатын өлеңінің әр шумағын айтып, үш рет «Суф-суф!» деп, «үшкіреді».



Әже ертегісі қашан да қызық

Абай шығармалары үш жүйемен топтастырылады. Біріншісі – өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі – ғақлия (қарасөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі – орыс, батыс әдебиетінен аударған туындылары.

М.Әуезов мақаласында былай деп жазады: «Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ тіл білген соң, кітап оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды ел сөзімен қатар кітап алады. Бір жағы ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі, әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды».

Абай А.С.Пушкин, А.И.Герцен, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, Ф.М.Достоевский, И.С.Тургенев, Н.Г.Чернышевский мұраларымен терең таныс болған.

Батыс әдебиетінен И.Гёте, Дж.Байрон сияқты ақындарды оқып, Дж.Дрепер, Б.Спиноза, Г.Спенсер, Дж.Льюис, Ч.Дарвин сынды ғалымдардың еңбектерін зерттейді.



«Артық ғылым кітапта»

Сөзмаржан

Күдік етуші – сенбеу, иланбау

Үшкіру, аластау – қазақ тұрмысында ежелден келе жатқан табиғи болмыстан тыс-қары күшке сенуден туған ғұрып

Халықшыл – бұл жерде: халықтың қамын ойлайтын адам

VCD 02

Дискідегі «Жидебай-Бөрілі» қорық музейінің материалдарымен танысып, танымыңды кеңейт.

Зертте

Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Семейдегі кітапхана туралы зерттеу жүргіз. Жинаған ақпаратыңнан презентация жаса.

Әйтсе де, Абай қырыққа келгеннен кейін ғана шығармашылықпен шындап айналысқан. Ол халқына пайдалы деп тапқан ақыл-ой өсиеттерін көркем сөзбен, өлеңмен насихаттады. Мұны М.Әуезов былай сипаттайды: «...заманның ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған...»

Абай 1898 жылы «Өлсем, орным қара жер...» дүниеге келген соң ғана өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерін жиналсын деген. 1899 жылға дейін Абай өлеңді едәуір көп жазады».

Абай Семей қаласындағы кітапханада Е.П.Михаэлиспен танысады. «Осымен 35–36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербордан айдалып келген орыстың төңкерісшіл, халықшыл Е.П.Михаэлис деген кісімен таныс болады. Е.П.Михаэлис ол кезде жас, Петербор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен. Бұл сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдардың басшысы, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек. Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, Л.Н.Толстойдың кітабын сұрап Абай да тұр екен. Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп, «Толстой неге керек?» деп сұрағанда, Абай өзінің кітап қарастырып жүрген жайын айтады. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып, әңгімелесіп кетеді де, артынан жақын таныс, сыйлас, тату адамдардың халіне жетеді. Е.П.Михаэлис арқылы Абай адвокат А.Гросс, жас доктор Н.И.Долгополов сияқты халықшылдармен де аралас болған».

1

Білу

1. Абайдың нағашы жұрты туралы не білдің?
2. Абай өлең жазуды неше жасында бастады? Алғашқы өлеңі қалай аталады?
3. «Абайдың өмірбаяны» мақаласы бойынша берілген мәліметтерді ретімен сәйкестендір.

1845 жылы

Абай ғылыми өмірбаянның алғашқы нұсқасы жазылды.

1855 жылы

Абай Құнанбайұлы қазіргі Абай облысы Сырт Қасқабұлақ ауылында дүниеге келді.

1933 жылы

орыс жазушысы Е.П.Михаэлиспен танысты.

1880 жылы

ақын ең алғашқы өлеңін жазды.

2

Түсіну

1. Топтық жұмыс. «Кластер» әдісімен екі топқа бөлініп, Абайдың өскен ортасы мен білім алған ортасын сипаттап жазыңдар. Бұл орталар неліктен маңызды?

1-топ

Абай өскен орта

2-топ


Абай білім алған орта

2. «Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді» дегенді қалай түсіндіресің?

3

Қолдану

1. Топтық жұмыс. Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны» мақаласында берілген ғибратты анықтап, «9 гауһартас» әдісі бойынша сызбаға толтырыңдар.



2. QR-cod арқылы Зере әженің ертегісін тыңдап (18-бет), ақын өміріндегі ана рөлінің маңызын анықта.

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. «Шақпа тілді» деген сөздің мағынасын, шығу тарихын болжап, жұбыңмен талдаңдар.
2. Шығыс, батыс және орыс классик ақындарының, зерттеушілерінің еңбектерімен танысу арқылы Абай қандай тәжірибе жинақтады деп ойлайсың? Талдау жаса.
3. Мәтіндегі Абайдың іс-әрекетіне талдау жасау арқылы образын айқында. «Кейіпкер келбеті» әдісімен кестені толтыр.

Кейіпкердің іс-әрекеті	Кейіпкер образы

5

Жинақтау

1. «Үйдің жақсы болмағы – ағашынан, баланың жақсы болмағы – нағашыдан» деген халықтық ұғымның дәлелін осы тақырыпта көре алдың ба? Сен өз нағашыларың туралы не айта аласың?
2. Осы тақырыптағы ақын өмірін мәтінге жуық баяндап жаз.

6

Бағалау

1. Шетел әдебиетінің Абайдың болашағына тигізген ықпалына қандай баға беруге болады?
2. М.Әуезов мақаласының ұлттық, тарихи құндылығын қалай бағалар едің? Кестені толтыр.

Мақаланың ұлттық құндылығы	Мақаланың тарихи құндылығы



Білгенге маржан

Абайды ел билеушілері «Құнанбайдың Ыбырайы» деп атаса, әжесі мен шешесі Абай деп, ал жеңгелері «Телқара» деп атаған.

Өйткені Абай Ұлжан мен кіші шешесі Айғыздың ортасындағы жалғыз бала болған екен. Кейін дүниеге Оспан мен Смағұл келген.

«Абай» энциклопедиясы

Қояндыдағы жәрмеңке – 1848–1930 жылдар аралығында Орталық Қазақстанда болған ең ірі маусымдық сауда орны. Мұнда жергілікті жердің ғана емес, Батыс Қытай, Моңғолия, Үндістан, Батыс Сібір, орталық Ресей саудагерлері де бұйымдарын айырбас жасаған. Сондай-ақ қазақтың дарынды әнші-ақындары осы жәрмеңкеде өнер көрсеткен.

<https://e-history.kz/>



Абайтану әліппесі

Эпиграмма (грек. epigramma) – белгілі бір адам не зат жайында әзілдеп айтылған шағын сықақ өлең. Абай біраз эпиграммалар жазған.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Ақын атаңа еліктеп, құрдасыңа эпиграмма жазып көр. Өкпелетіп алмау жағын да қарастыр.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Алып анадан туады» тақырыбын (100–102-беттер) оқып, ақынның аналары туралы алған әсеріңді зерделеп, ой-толғау жаз.



Сенің түйгенің

Ой-өрісіңді, бойыңдағы қабілеттеріңді дамыту үшін не істейсің?



Кітап – білім бұлағы

1. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013 – 315 б.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Атамұра, 1995 – 720 б.

Абай бар болғаны 3 жыл мұсылманша, 3 ай орысша оқыған. Дегенмен ол түрік, орыс, парсы, шағатай тілдерін білген.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. ЗЕРЕК ТЕ ТАЛАПТЫ ЖАС

Менгерілетін білім:

- сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру;
- жас Абайды ерекшеліктін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу;
- көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау.

Тірек сөздер

*Ел басқару
Зерек
Талапты
Дауларды шешу*

Қазақ жері Абай өмір сүрген кезеңде Ресей империясының құрамында еді. 50–70 үй бір әкімшілік ауыл болып саналған. 10–12 ауыл – бір болыс, 15–20 болыс бір округ еді. Құнанбай аға сұлтан, яғни Қарқаралы округінің билеушісі болды. Ол ел басқарудағы барлық заңды жақсы білген.

Абай 13 жасқа толғанда әкесі оны оқудан шығарып алады. Өйткені Абайдан басқа баласын өзіне көмекші қылуға лайық көрмейді. Сөйтіп, ол Абайды ел басқару ісіне баули бастайды. М.Әуезов бұл туралы былай жазады: «Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысына өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете

бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал суық тұрып, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерінен артық екенін ертеде сезген деуге болады...».

«...Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан, өз шешесінің ауылындағы көрші-қолаңның үлкендері Құнанбайдың бұл баласынан да Күңкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек. Құнанбайдың орнын басып, кісілікке ие болатын баласы кім деп жас балаларды сынағанда, жұрттың көбі әлгі белгілеріне қарап, Абайдан Ысқақты артық санаған. Сол кезде «Абайдан Ысқақ артық болады» дегендерге әкесінің: «Не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтесіңдер ғой» дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен».



Сөзмаржан

Жасына жетпей ұлғаю – бұл жерде: ерте есею

Байлау жасау – шешім қабылдау

Кісіні жазым қылып кету – бұл жерде: айтылған сөздің қатты әсер етуі

Қаракесек руы – арғын тайпасына кіретін ру.

Қалжыңмен даңқы шығу – әзіл-қалжыңды шебер айту арқылы танымал болу

Түндігін ұшырғандай – бұл жерде: өте жайсыз жағдайға түсіру (түндік – киіз үй шаңырағын жабатын киіз)

Бала күнінен егу – бұл жерде: жастайынан баулу

Қыр жуаны – бұл жерде: байдың, беделдінің баласы

Ел билейтін кісілік – ел басқаруға лайықты адам болу

Заманның құлы – дүниеге, билікке бас ұру



Абай әкесімен бірге

«Сонымен, 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауына керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, әкесі ел ортасының басты кісілеріне жеңіл-желпі сөздерді сәлем қылып айтып жүріп, кейбіріне байлау жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтса, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген

үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әке-тумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен».

Абай алдымен әкесінің ел ішіндегі дауларды қалай шешкенін көреді. Әкесі бірте-бірте қасына адам қосып, қиын мәселелерді шешуге де жұмсайды.

Абай қу, пысық болмаса да, тауып сөйлеуге бала күнінен бейім болады. Оған бір жағынан әжесінің ертегілері, екінші жағынан шешесінің сөзге шешендігі де әсер етеді. «Ұлжан әзілмен жауаптасуды Абайға бала күнінен екен... Ол екі шешенің тел баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене бала келген қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды екен». Сөйтіп, сөйлей-сөйлей шешен болып келе жатқан Абай нағыз сөз майданына кіріп кетеді.



Абай ел ақсақалдарымен

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен Абайдың басқаруымен жазылған «Қармола ережесін» зерттеп, маңызын ата.

«...Сонымен, Абай 1870 жылдарға шейін, бір жағы, әкесінің ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді, барлық жаулары мен барлық талас-тартыстарын түгелімен өзіне аударып, міндетіне ала бастайды. Ел билейтін кісілік пен сол кісілік жолындағы партия майданы, бас балуанға Абайдың өзін жырып шығарады. Ендігі күрестің саясаты мен барлық жауапты істер Абайдың жеке өз басына аударылып, өз қолына келеді».

Ұлық – аға сұлтанның үстінен қарайтын, олардың жұмыстарын тексеретін билеуші. Құнанбайға, кейінірек Абайға ұлықтың алдында сауатты ел басқарушы екендігін дәлелдеуге тура келді.

Жұмыс барысында тек ұлықпен емес, адвокат, тілмаш сияқты мамандармен де жиі кездесуге тура келеді. Ол үшін Абай қажетті заңдарды, қағидаларды жақсы білуі тиіс болды. М.Әуезов бұл туралы: «Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады? Осының бәрі ел кісісі болатын Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді», – деп жазды.

Оның үстіне заңды толық түсіну үшін Абай орыс тілін жетік меңгеруі керек. Мұны М.Әуезов былай келтіреді: «...Сондықтан алғашқы рет орыстың тілін іздеп, оқу-біліміне қарай көңіл бөлу осы кезден басталатын сияқты, бұл уақытқа шейін Абайдың барлық оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндегі Абайға азық болады деп айтуға болмайды. Орысша жағына іздену жаңағы істің тұсында, сол 24–25 жасынан басталу керек... Бірақ бұл уақыттағы қарастыруы да үнемі салынып іздеген іс емес... Елге шыққанда Абай ынта-пейілмен кісілік соңында. Ол жолдағы міндеті – мойын бұрғызбайтын, таусылмайтын ұзақ жұмыс, ұзақ міндет, сондықтан бұл кездерде сарылып кітап соңында отырады деуге болмайды».

1

Білу

1. Абай дәуірінде қазақ елінің жағдайы қандай еді?
2. Құнанбай қандай қызмет атқарды?
3. Әкесі Абайды ел басқаруға қалай баулыды?

2

Түсіну

1. Не себепті Құнанбай баласын оқудан шығарып алды?
2. Ысқақ неге жұрттың назарын өзіне аударды? Неліктен Құнанбайдың Ысқақ туралы пікірі басқа болды?
3. Ел басқару үшін қандай қасиеттер керек? Неге?
4. Абайдың жасына жетпей ұлғая бастауының себебі неде?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. «Бас, қалам» әдісі бойынша кестені толтырыңдар. Ережесі: екі оқушының біреуі «бас» болып ойланып-толғанып, жауап іздейді, екінші оқушы «қалам» болып жазып отырады.

Кейіпкерлер	
Жас Абай	Құнанбай
Үзінді	
Абай екі шешенің төл баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағына аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене бала келген қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды екен. Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан, өз шешесінің ауылындағы көрші-қолаңның үлкендері Құнанбайдың бұл баласынан да Құнкенің қолындағы Ысқақтан көбірек	Құнанбай ел басқарудағы барлық заңды жақсы білген. Абай 13 жасқа толғанда әкесі оны оқудан шығарып алады. Өйткені Абайдан басқа баласын өзіне көмекші қылуға лайық көрмейді. Сөйтіп ол Абайды ел басқару ісіне баули бастайды.
дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек. Құнанбайдың орнын басып, кісілікке ие болатын баласы кім деп жас балаларды сынағанда, жұрттың көбі әлгі белгілеріне қарап, Абайдан Ысқақты артық санаған. Сол кезде «Абайдан Ысқақ артық болады» дегендерге әкесінің: «Не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтесіңдер ғой» дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен».	
Үзінді бойынша кейіпкер құндылығына баға	
Ой-тұжырым	

2. Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздердің эстетикалық құндылығына баға бер. Осы сөздердің синонимдерін жаз. «Баласың оқыта түспей, асығып алған себебін Құнанбайдың өмірі туралы айтылған сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай елінің қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсысына шыққан ағайынын үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, артынан да сондағы **ішке байланған мұз** елдің көбінің есінен кетпеген. Ел ішінде ұсақ араздық, ұсақ жаулық, кішкене тартыс

сияқты нәрселер, ешуақытта құрымаған. Сондықтан барлық өмір аңдысу, тартысу, ел таразысын бағып келгенде Құнанбайға дос болдым деген елдің өзі де үнемі бір қалыпта тұра алмаған. Мұның бір себебі Құнанбайдың өз істері, өз мінездері болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп, жуандап алған Құнанбайдың маңайында талай-талай залалкес туысқандары да болған. Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, «пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны» деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей беріп, асқақтық пен шайпау мінездерге салынып, Құнанбайдың дос болып жүрген рубасыларын да қажытып алған. Сонымен, Абайдың жас шағында Құнанбайдың досы азайып, дұшпаны көбейген. Жоғарыда айтқан сияқты, сол көп дұшпанға қарсы тұрып, қолғанат боларлық баласы мен інісі болмаған соң, Құнанбайдың басына жалғыздық түсе бастаған. Абайды оқудан алып, ел жұмысына салу, әкесінің басындағы осындай еріксіздік халынан туған».

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. Мәтінді талдай отырып, кестені сәйкестендіріп толтырындар.

Оқиға	Композициялық ретін көрсет
1. Құнанбайдың Абай мен Ысқаққа берген бағасы	А) Оқиғаның басталуы
2. Абайдың орыс тілінде ізденісі	Ә) Оқиғаның байланысы
3. Абайдың өз міндетіне кірісуі	Б) Оқиғаның дамуы
4. Құнанбай Абайды ел басқару ісіне баули бастайды	В) Оқиғаның шиеленісуі
5. Абайдың алдынан шыққан қиындықтар	Г) Оқиғаның шарықтау шегі
6. Абайдың нағашылары	Ғ) Оқиғаның шешілуі
7. Балалық белгісін ерте жоғала бастауы	Д) Оқиғаның аяқталуы

1	2	3	4	5	6	7

2. Үш топқа бөлініп, ұсынылған сөздерге лексикалық талдау жасандар.

1-топ: Байлау жасау.

2-топ: Ел билейтін кісілік.

3-топ: Заманның құлы.

5

Жинақтау

1. «Әке – балаға сыншы» деген нақыл сөзді дәлелде.

2. Тақырып бойынша «Оқиғалар картасын» толтыр.

1	2	3
4	5	

6

Бағалау

Абайды ерекшелейтін қасиеттерді мәтіндегі іс-әрекеті арқылы дәйектеп, баға бер.

Білгенге маржан

Жас Абай – М.Әуезовтің «Абай» романының 1-кітабы бойынша жазылған екі бөлімді драма. Шығарманың сахналық нұсқасын жазып, қойған режиссер – Ш.Айманов, композиторы – С.Мұхамеджанов, суретшісі – Д.Сүлезов.

Сахналық туындының алғашқы қойылымы 1969 жылы 6 шілдеде Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында көрсетілді. Жас Абай бейнесін А.Кенжеков орындады. Драмадағы Құнанбай (М.Бақтыгереев), Тоғжан (Р.Әшірбекова), Бөжей (Б.Қалтаев), Зере (Б.Құланбаева), Майбасар (А.Айдарбеков), Ербол (Ч.Зұлқашев),

Бастаушы (М.Жақсымбетова) бейнелері актерлердің сәтті ойындарымен көрінді. Спектакльде Абайдың жастық шағы бейнеленіп, ақындық жолдағы алғашқы қадамдары, жас шәкірттің дүние танымындағы күрделі өзгерістер өз даму шеңберінде көрсетілген.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Фабула (лат. *fabula* – аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Әдеби шығармалардағы баяндалатын оқиғалардың желісі, қысқаша мазмұны.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Оқулықтың 12-бетіндегі VCD 01: «Қайтқанда» тарауындағы шәкірт баланың ауылға асыққанын суреттейтін үзіндіні тағы да тыңда. Үзіндідегі фабула композициясын тауып, жоспар құр.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» тақырыбындағы материалдарды (94–96-беттер) оқы. Бала тәрбиесіндегі әке рөлі туралы эссе жаз.



Сенің түйгенің

Өзіңе қандай талап қоясың? Талабыңды орындау үшін не істейсің?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 141 б.

Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын.

Абай

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ, МАҚТАНБА» ӨЛЕҢІ

● Меңгерілетін білім:

- көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау;
- шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау;
- Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын кластерде жинақтау.

● Тірек сөздер

Ғылым
Білім
Асыл іс
Дұшпан

● Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен ақынның білім туралы нақыл сөздерін жинақта. Олардың бүгінгі тақырыппен байланысын зертте.

Абай ғылым, білім, өнер тақырыбына ерекше ден қойып, көптеген шығармаларын арнады. Айналасындағы жастарды білім алуға шақырды. Өз балаларын және басқа да көптеген жасөспірімдерді қамқорлығына алып, оқытуға өз қаржысын жұмсады. Қазақ халқының білімді, сауатты болғанын армандады.

Ол «Ғылым таппай, мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері мен «Сегізінші», «Он жетінші», «Жиырма бесінші», «Отыз екінші қарасөздерінде» т.б. туындыларында ғылым, білім тақырыбын адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық ойларымен ұштастырды.

Ақын «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін 1886 жылы жазған. Тақырыбы – оқу оқып, білім алуға шақыру:

Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай, баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап, босқа күлуге.

● VCD 03

Дискіден «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін тыңдап, оның ұлттық құндылығына баға бер.

Адам деген атқа лайық болу үшін ең алдымен, **жақсылық пен жамандықтың** аражігін айыра білуі керек. Мәселен, **бес асыл іске** «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» деген бес қасиетті жатқызса, **бес дұшпанға** «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ», яғни орынсыз шашылуды жатқызады.

Бұл – келешекке бағдарлама боларлық өлең. Ақын өсиеті, тағылымы, тәрбиесі тереңде жатыр. Абай өмірге келгеннен кейін өзінді адам ретінде ұстаудың жолын көрсетеді.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз, –

дей отырып, ғалым болу мен адам болу тығыз байланысты екенін айқындайды. Демек, білімді бойына жинаған адамның адамгершілігі де жоғары болады. Ең бастысы, жалқау болмай, білім алу – «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз». Сондай-ақ жақсы адамдарға еліктей жүріп, олардан тәлім алғаны жөн екенін айтады. Ақынның өзінің де үйренген ұстазы аз болмаған.

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?



Білімді мыңды жығар

Ақын үйрену үшін сөздің мән-мағынасына үңіліп,
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл, –
деп, барлық жайтты ақылға салып, ойлану қажет дейді.

Абай осы өлеңінде шығыс ғұламасы Ғұламаһи Дауанидің атын атайды, одан үйрену керектігін аңғартады:

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы, біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани.
Солай депті, ол шыншыл.



Сөзмаржан

Ден қою – көңіл бөлу

Нәфрәтлі (арабша) – жиіркенішті

Ғибрәтлі (арабша) – үлгілі, өнегелі

Ақыл – мизан (арабша) – бұл жерде: таразы

1

Білу

1. Ақынның білім, ғылымға деген көзқарасы қандай болды?
2. Абай қай жерде білім алды?
3. Қазіргі кезде қандай жолдармен білім алуға болады?

2

Түсіну

1. Абай не себепті «Ғылым таппай, мақтанба» деді?
2. Неліктен ақынның білім, ғылым туралы өлеңдері келешекке бағдарлама болады дейміз? Ойыңды түсіндір.

3

Қолдану

1. Хрестоматиядағы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін оқы. Ондағы көтерілген мәселені анықтап, кестені толтыр.

Шығарма аты	Асыл іс	Дұшпан	Өлеңнің тәрбиелік мәні

2. Жұптық жұмыс. Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды жазыңдар.

4

Талдау

Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, өлеңдегі көтерілген мәселелерді талдап, семантикалық кестеге толтырыңдар.

1-топ

Мағына	Бос мақтан, шамадан тыс кеуде көтеру, көкірегін соғу	Дарақылық, пара беру, сатылу, сана-сыздық	Сана-сезімі мол, кеңінен ойлау	Қолда барға шүкіршілік ету
Талап				
Өтірік				
Мақтаншақ	+			
Еріншек				
Өсек				
Еңбек				
Терең ой				
Қанағат				
Рақым				
Мал шашпақ				

2-топ

Мағына	Ізденімпаз, қызығушылығы жоғары	Мейірімге мол, адамгершілік қасиетке бай	Адамдар арасында сөз тасу, шағыстыру
Талап	+		
Өтірік			
Мақтаншақ			
Еріншек			
Өсек			

Мағына	Ізденімпаз, қызығушылығы жоғары	Мейірімге мол, адамгершілік қасиетке бай	Адамдар арасында сөз тасу, шағыстыру
Еңбек			
Терең ой			
Қанағат			
Рақым			
Мал шашпақ			

5

Жинақтау

1. «Қарама-қарсы элементтер» әдісі бойынша жақсылық пен жамандық құбылыстарын сипаттап, кестеге толтыр.

Жақсылық	Жамандық

2. Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын кластерде жинақта.



6

Бағалау

1. Өлеңнің тарихи құндылығын анықтап, баға бер.
2. Өлеңнен алған әсерінді зерделеп, ойтолғау жаз. Сен қандай нәрсеге мақтана аласың?



Білгенге маржан

Ғұламаһи Дауани – ирандық ғалым Мұхамед ибн Асат Жалаладдин ад Дауанидің (1427–1501) лақап аты. Абай Ғұламаһи (ғұлама) Дауани жазған «Жалали этикасы» еңбегін оқыған. Ал бұл дерек көздері Гнессаддин Хондомирдің «Жақсылықтар» («Макорым-ул-ахлақ») атты шығармасында бар.

«Жалали этикасы» Еуропа елдерінің тілдеріне «Мұсылмандардың практикалық философиясы» деген атпен аударылып, адамдық тәрбиенің қайнары саналған.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Шығарманың идеясы – шығарманың мәнін, мазмұнын айқындайтын негізгі ой, автор көзқарасы. Абай шығармашылығынан ерекше орын алатын тақырыптың бірі – оның ағартушылық идеясы.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Өлеңнің басты идеясы қандай? Осындай идея ұстанған тағы кімдердің шығармаларын білесің? Ойыңды дәлелде.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Тұлғалар үндестігі» тақырыбындағы қос ағартушыны салыстыр (137–139-беттер). Олардың білім саласына қосқан үлесіне баға бер.



Сенің түйгенің

Бойыңдағы бес асыл істі сақтап жүру қиын ба?
Бес дұшпанмен қалай күресесің?



Кітап – білім бұлағы

Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

Кейбір деректер бойынша Абай «Интернатта оқып жүр» өлеңін өз балаларын – Әбдірахман, Мағауия, Гүлбаданды Семей қаласына оқуға апарғаннан кейін жазған.

«ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- лирикалық шығарманы құрылысына талдау;
- шығарманы автор ізімен баяндап жазу;
- Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын ментальді картада жинақтау.

Тірек сөздер

*Интернат
Істің ақ, қарасы
Панасы тию
Көңілдегі сана*

Сөзмаржан

Интернат – оқу орнының жанындағы оқушылардың жатақханасы

Прошение – арыз, өтініш

Ынсапсыз – тойымсыз

Тілмаш – аудармашы

Адвокат – қорғаушы

Здравомыслящий – зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам

Абай оқу-білім тақырыбын 1886 жылы жазған «**Интернатта оқып жүр**» өлеңінде жалғастырады. Ол кезеңде қазақ жастары өз ауылдарынан алыста – қалаларда білім алған. Басым бөлігі интернатта жатып оқыған.

Хакім қазақ жастарының заманға сай білім алып, халқына адал қызмет еткенін қалаған. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде шәкірттерге осы ойын аманат етіп жазған.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.

Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.

Абай інісі Халиолла мен екінші баласы Әбдрахманды оқытты. Ақын олардың болашағынан үлкен үміт күтті. Өкінішке орай, екеуі де науқастанып, өмірден өте ерте өтті.

Сол заманда оқығандар сауаты жоқ халыққа арыз, өтініш (прошение) жазып не аударма жасап беріп, табыс тапты. Елдің арасы бүлінсе, сауаты барларға жұмыс болады, яғни ақшасы көбейеді.

Орыс тілі, жазуы –

Білсем деген таласы.

Прошение жазуға

Тырысар келсе шамасы.

Ынсапсызға не керек,
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.

Ал ақын оқығандарға тек халыққа заңды түсіндіріп, істің ақ-қарасын ашып көрсету керектігін айтады. Оның пікірінше, білімді жастар елге қорған бола алады («панасы тию»).

Бұл – өлеңге Абай орыс сөздерін тілі жетпегендіктен емес, сол уақыттағы орысша оқыған қазақ жастарына арнап, әдейі араластырған.

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды, –

дегенде Абай орыстың жеке басын көтермелеп тұрған жоқ, оның өнер-ғылымын айтып тұр. Сол себепті ақын:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой, –

дейді.

Абай «қолдың саласындай» оқыған жастарымыз «аз білгенін көпсінбей, көп қазаққа епсінбей», жұртқа пана болуы керек деген талап қояды.



Ердің сәні – білім

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен қазіргі замандағы жоғары сұранысқа ие мамандықтарды зертте.

Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы? –
дегендегі «епсінсе» – өзің шала сауатты бола тұра, қырдағы қазаққа «өктемдік жасама» деген мағынада қолданылып тұр. Өйткені «ғылымның сарасын» меңгерген адам ешуақытта жамандыққа баспайды. Ал әділетсіздік «шала сауаттыдан» туады. ХХ ғасырдың бас кезінде осындай «шолақ белсенділер» образы көп болғаны – тарихи шындық.

Осылайша Абай жастарды шала сауатты болудан сақтандырған. Уақытын білім алуға жұмсап, «артық ғылым – кітапта», оны ерінбей оқысаң ғана түсінуге болатындығын жазды.

Қазақ даласы уездерге (ояз), уездер болыстарға бөлінген. Уезді патша офицерлерінен тағайындалған ояздар басқарды. Ақын бұл ретте оқығандарға жақсы қызмет алу үшін оязға жағымпазданбауға шақырды:

Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.

Абай жастарға ақыл айту себебі халық қамы екенін былай түсіндіреді:

Көңілінде жоқ санасы.
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы болсаңыз
Здравомыслящий,
Ақыл айтпай ма ағасы?

Демек, көңілінде санасы бар адам – халқының нағыз азаматы.

1

Білу

1. Абай дәуіріндегі қазақ жастары қалай білім алған?
2. Оқығандар немен айналысты?
3. Ақын жастарды қандай болмауға шақырды?

2

Түсіну

1. Жастар не себепті интернатта жатып оқыды?
2. Ақын өлеңін неге оқыған жастарға арнаған?
3. Өлеңде неліктен орыс жазушыларының аттары аталады?

3

Қолдану

Ақынның жастарға қандай болу керектігін саралағанын сипатта. Мамандықты қалай таңдау керек?

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. «Сатылай кешенді талдау» әдісі арқылы берілген кестені толтырыңдар.

Авторы	
Тақырыбы	
Жанры	
Идеясы	
Шумақ түрі	
Тармақ түрі	
Бунақ түрі	
Буын саны	
Ұйқас түрі	

2. «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі жастардың білім алудағы екі түрлі мақсатын Венн диаграммасында салыстырып, талда. Шығарманың идеясын анықта.



5

Жинақтау

1. «Интернатта оқып жүр» өлеңі туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдір:
Пікір. Өлең бойынша өзіндік пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір сөйлеммен мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығар.
2. Өлеңді автор ізімен баяндап жаз. Ақын идеясын қалай толықтырасың?
3. Топтық жұмыс. «Шеринг» әдісі арқылы ой бөлісіңдер. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен барлығың да тақырып бойынша түйінді ойды қорытындыландыр. Идеялар қайталанбауы тиіс.
4. Ақынның білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын ментальді картада жинақта.

XXI ғасыр оқушылары қандай болуы керек? Ақын қазіргі шәкірттерге қандай баға беруі мүмкін еді?



Білгенге маржан

XIX ғасырдың ортасынан қазақ балалары көбіне Орынбор мен Омбыда ашылған жетіжылдық мектептерде оқи бастады. Мұнда тіл-маштар мен хатшыларды дайындады. Орыс тарихы, математика, география, геометрия және ислам негіздері оқытылды. Ал санаулы жастар ғана әскери оқу орындарында білім алды.

Кейінірек Көкшетау, Ақмола және тағы басқа жерлерде қазақ балаларына арналған интернат ашылды. Халық әр болыстан жылына екі баладан оқуға жіберуге міндетті болды.

<https://e-history.kz/>



Абайтану әліппесі

Антоним – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Ақын өлеңде «істің ақ пен қарасы» сияқты антонимдерді жиі қолданған.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы



Жазып көр

Адамның бойындағы жағымды-жағымсыз қылықтарды антоним түрінде жаз.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Әкеден өте туған Әбіш» (107-бет), «Ерте аққан жұлдыздар» (151–154-беттер) тақырыптарын оқы. Сол кездегі білім алу деңгейі туралы презентация жаса.



Кітап – білім бұлағы

Ысқақов Ә. Абайдың өмір жолы // Жүрегімнің түбіне терең бойла. – Алматы: Жазушы, 1995. – 296 б.

Міне, сен Абайдың өскен ортасы, тұлғалық ерекшеліктері туралы мәлімет берген бірінші тарауды аяқтадың.
Не білдің? Не үйрендің? Кәне, өзінді сынап көр.

ӨЗІНДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс. «Пирамидалық талқылау» әдісімен топ мүшелері Абайдың өскен ортасы туралы өз пікірлерін жеке жазады. Әр пікірді топта талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Содан соң әрбір топ таратылған флипчарт қағазына тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жинақталған пікірді түйіндеп, қағаз ортасына жазып, оқиды, талқылайды.

Жұптық жұмыс. «Салыстырмалы карта» әдісімен жұптар тараудағы негізгі кейіпкерлер бойынша ойтолғау жасауға бағытталған графикалық органайзер ұсынады.

1-қадам. Осы тарау бойынша маңызды екі адамның есімін ұсыныңдар.

2-қадам. Кейіпкерлердің мінезін сипаттауға және келтірілген салыстырма сөздердің дәйектемесін беріңдер.

3-қадам. Графика түрінде көрсетіңдер.

Жеке жұмыс.

1. Ақын өмірінің хронологиялық кестесін толтыр.

Жылдар	Маңызды оқиғалар

2. Хрестоматиядағы «Абай хакім» деген материалды (132-бет) оқып, «Менің мамандық таңдауыма Абай шығармаларының әсері» деген тақырыпқа ойтолғау жаз.

3. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Алғашқы абайтанушылар кімдер?

А) Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов

В) Қайым Мұхамедханов, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметов

- C) Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы
D) Ғарифолла Есім, Тұрсын Жұртбай, Дандай Ысқақұлы
E) Рабиға Сыздықова, Әуелбек Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев
2. Мұхтар Әуезов Абай өмірбаянының қанша нұсқасын жазған?
A) 2
B) 3
C) 4
D) 1
E) 5
3. Абайдың тұңғыш жинағы қашан, қайда басылды?
A) 1889 жылы, Қазан қаласында
B) 1909 жылы, Санкт-Петербург қаласында
C) 1909 жылы, Омбы қаласында
D) 1910 жылы, Уфа қаласында
E) 1933 жылы, Орынбор қаласында
4. «Бес асыл» мен «бес дұшпан» ақынның қай өлеңінде айтылған?
A) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі
B) «Интернатта оқып жүр» өлеңі
C) «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі
D) «Білімдіден шыққан сөз» өлеңі
E) «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі
5. Эпиграмма деген не?
A) Шығарма алдынан келтірілген үзінді сөз
B) Әзілдеп айтылған шағын сықақ өлең
C) Автордың оқырманға берген қолтаңбасы
D) Шығарманың қорытындысы
E) Сөздің бірнеше рет қайталануы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ФОРМАТЫНДАҒЫ ТАПСЫРМА ҮЛГІЛЕРІ

1. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Абай алғашқы сауатын Ғабитхан молдадан ашады. Ғабитхан – бір себептермен елінен қашып, қазақ арасына сіңген татар молдасы. Құнанбай оған көп қамқорлық жасап, туған інісіндей бауырына тартады. Ғабитхан Құнанбай ауылының бүкіл баласын оқытады. Абай да осы молда арқылы түркі халықтарына ортақ шағатай жазуын меңгереді.

10 жасқа келгенде әкесі Абайды Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне оқуға береді. Сонымен қатар ол «Приходская школасында» үш ай оқып, орысша сауатын ашады.

Аталмыш медреседе діни оқумен қатар жаңаша (жәдидше) оқыту түрі жүреді. Атап айтқанда, сөз өнерінің заңдылықтары, математика, жағырафия, жаратылыстану сияқты жекелеген пәндерді де меңгереді.

1) Абай білім алған орындарды тізбектеп жаз.

1. ...
2. ...
3. ...

2) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап.

Ұстаз талантты болса,
Шәкірті талапты болады.

Шәкіртсіз ғалым – тұл.

Өмірдің өзі – ұлы ұстаз.

2. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Абай 13 жасқа толғанда әкесі оны оқудан шығарып алады. Өйткені Абайдан басқа баласын өзіне көмекші қылуға лайық көрмейді. Сөйтіп, ол Абайды ел басқару ісіне баули бастайды.

М.Әуезов бұл туралы былай жазады: «Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысына өзіне серік

болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал суық тұрып, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерінен артық екенін ертеде сезген деуге болады...».

1) Мәтіндегі оқиғаларды ретімен орналастыр.

- A) Ел басқару ісі және Абай
- B) Абай – өзгелерінен артық бала
- C) Оқудан қол үзген Абай
- D) Құнанбай – сыншыл әке

2) Абай қандай бала?

- Бір бала бар – атасына жете туады,
- Бір бала бар – атасынан өте туады,
- Бір бала бар – атасынан кері кете туады.

Ел аузынан

3. Өлеңді оқып, тапсырмаларды орында.

Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай, баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап, босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой.

1) Өлең қандай ұйқаспен жазылған?

- A) Шалыс ұйқас
- B) Аралас ұйқас
- C) Ерікті ұйқас
- D) Шұбыртпалы ұйқас
- E) Кезекті ұйқас

2) Өлең жолының жалғасын тауып, ақынның еңбек ету туралы өсиетінің мәнін 5–6 сөйлеммен қорытындылап жаз:

Еңбек етсең, ерінбей,

... ..

II ТАРАУ

БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың тұлғалық болмысы мен өскен ортасын ғылыми мақалалар мен көркем шығармалар арқылы;
- білім алу шарттарын ақын шығармалары бойынша игересің.

Бұл өлең ғылым жолында ізденушілерге ғана емес, бүгінгі шәкірттерге де, жалпы жастарға арналған. Сен де алтын уақытыңды босқа өткізбей, ізденуге, білім алуға талаптан.

«ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау;
- шығарманың құрылысына талдау;
- шығармадан алған әсерін зерделеп, замандастарына хат жазу.

Тірек сөздер

*Баланы оқыту
Қызмет қылу
Шен алу*

Зертте

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіне қай композитор романс жазған? Романс деген не?



VCD 04

Дискіден «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін тыңдап, ақынның көңіл күйін суретпен бер.

Ғалым Рабиға Сыздықтың зерттеуінше, Абай шығармаларында «оқу» сөзін 54 рет, «ғылым» сөзін 111 рет, «білім» сөзін 31 рет, «өнер» сөзін 46 рет қолданған. Дегенмен ғалым ақынның «ғылым» сөзінің «білім», «оқу» мағынасында болғанын айтады: «Абай «ғылым» сөзін осы күнгі «наука» мағынасында жұмсамаған. «ҒЫЛЫМ» сөзінің бұл ұғымда келуі Абайда сирек. Бұл сөзді ақын көбіне-көп «білім, оқу, сауаттылық» мағынасында жұмсаған. Мысалы, атақты «ҒЫЛЫМ таппай, мақтанба» деп басталатын өлеңінде ғылым деп тұрғаны – сөздіктерде көрсетілгендей, «жаратылыстың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылығын білу жүйесі және жеке білім тараулары» емес, «сауатты болу, білім алу, оқу» деген жалпы мағынада. Мұны ақынның білім-ғылым деп қос сөз түрінде де келтіруі оның жалпы «білім» деген ұғымда қолданылғанын көрсетеді».

Ақын «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін 1885 жылы қырық жасында жазған. Бұл өлеңнің басты идеясы – жалындаған жас күнінде алтын уақытты босқа өткізбей, ғылым, білім, өнер үйрену қажеттігі.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.



Сөзмаржан

Махрұм – бос, құр,
бұл жерде: бос қалу, құр
қалу

Кеш сермеу – кеш қалу

Дөп сермеу – дәл
түсу

Дес бермеу – сөзден
ұтылмау

Сезім тәрбиесі –
бұл жерде: өнерге баулу

Абай әкесінің қалауымен Семей қаласындағы оқуын тастап, оған көмекші болғанын білеміз. Елге қызмет істеп жүргенде білімділіктің өзі үшін де, халық үшін де керектігін түсінді. Сол себепті ақын өзі «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінеді. Өкінішінің орнын балаларын оқыту арқылы толтырмақ болады. Сондай-ақ немере інілері Кәкітайдың, Шәкәрімнің, ауылының өзге де балаларының білім алуына қамқорлық жасады. Мәселен, Әнияр Молдабаевты мектепке орналастырып, кейін оған Семейден үй алып береді. 1944 жылы бұл үй Абайдың тұңғыш музейі болады.



Семей қаласындағы Абайдың тұңғыш музейі

М.Әуезов «Абайдың өмірбаянында» ақынның жастарға қамқорлығын былай сипаттайды: «... Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болады. Абай – ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жиренішті, жеміссіз болып, адамшылыққа залалды істер болғандықтан, ендігі сөз ұғатын жастарды

жаңа жолмен, өзі қиял қылған адамшылыққа қарай жетектеп баулығысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынан атқарған қата (қате) жұмыстарының барлығын жасырмай, бүркемей, мойнына алып айтып отырып, ендігі жастың ол жолдан аулақ болғанын тілейді. Сондықтан өлең сөздерімен бір ақыл айтса, ауызша өсиет, ұзақ мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана таза адамшылық жолын үгіттейді. Әділдік, шыншылдық, махаббатты, бауырмалды арлылық, ойшылдық, сыншылдық сияқты адамды адам қылатын жан тәрбиесінің барлық негізін қолданады. Әртүрлі себептермен қалаға барып оқи алмай қалған жастардың тәрбиесіне қатты алаңдайды. Абай олардың **сезім тәрбиесін** толтырмақ болып, сол 1889 жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары болады».

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, –

деп ақын «Интернатта оқып жүр» өлеңінде айтқан ойын осылай жалғастырады. Демек, ақынның ойынша әрбір оқыған жас еліне адал қызмет етуі керек.

Ақылды жасты, білімді азаматты аса жоғары бағалайтын ағартушы ақын өз балаларын да тазалыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, ізденуге баулиды. Абай өмір сүрген заманда айналасының көпшілігі жаңаша оқытуға балаларын бергісі келмеді. Олар балаларымыз «орыстанып» кетеді деп қорыққан. Алайда хакім әрбір ата-ананың міндеті балаларын оқытуға баулып, дұрыс жолға салу екенін, сол ықыласын бала да түсініп, кеш қалмау керектігін уағыздады.

Абай өзі де болыс болған. Білімділігінің арқасында өз ойын дәлелдеп, айналасындағыларды ғана емес, орыс ұлықтарын да сөзден жеңіп шыққан.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,

Қазаққа қара сөзге дес бермедім, –

десе де, ол оқымаған жандардың надандығын да көрген. Кейде заңның, ережелердің бұрмаланғанына да куә болған. Парақорлықтың да бар екеніне көзі жеткен. Көптеген әділетсіздіктерді де бастан кешірген. Мұндай жағдайларда ақын былайшы күйзеледі:

Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

Туынды қара өлең ұйқасымен (а-а-б-а) және шұбыртпалы кезекті ұйқастың (а-б-г-б-а-б) ерекше үлгісімен жазылған.

1

Білу

1. Хрестоматиядан өлеңді мұқият оқы.
2. Ақын кімдерді оқытты?
3. Автор шығармаларында қандай сөздерді көп қолданған?
4. Өлеңдегі ақын өкініші қандай?
5. Ақын есейгенде білім алуды қалай жалғастырды?

2


Түсіну

1. Өлеңді түсініп оқып, негізгі ой түйіндерін анықта.
2. Ақын не себепті жастарды білім алуға шақырды?
3. Ол балаларын медресеге қандай мақсатпен берген?
4. Абай неліктен скрипкашыны ауылына алғызды?

3

Қолдану


1. Топтық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша жетекші сұрақтар қойып, көтерілген мәселені «Бестік диктант» әдісі бойынша талқылаңдар.



2. Жұптық жұмыс. «Борт журналы» әдісі арқылы кестені толтырыңдар. Өз жауаптарыңды салыстырыңдар.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?

1. «Балық қаңқасы» әдісі арқылы берілген өлеңді талда.
Балықтың басына: шығарманың тақырыбын жаз.
Оң жақ қабырға сүйектеріне: тақырыптың негізгі мазмұны мен түсініктерін жаз.
Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілерді жаз.
Балықтың құйрығына: өлең туралы қорытынды ойыңды жаз.



2. Өлеңнің құрылысына талда.
3. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» және «Интернатта оқып жүр» өлеңдерін Венн диаграммасында салыстыр. Ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде?

1. Өлең идеясы туралы ата-анаңмен сөйлес. Олар білім алу туралы саған қандай кеңес берер екен?
2. Өлеңді қандай мақал-мәтелдермен түйіндер едің?
3. QR-cod арқылы өлеңді тыңдап (48-бет), алған әсеріңді зерделеп, замандастарыңа хат жаз.

Ақын өлеңіне баға бер. Ғылым-білім мәселесі қазіргі кезде де өзекті ме? Өз пікіріңді дәлелде.

Өлеңдегі ғылым-білім мәселесі	Өз пікірім
Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім.	
Адамның бір қызығы – бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедім.	



Білгенге маржан

Абай осы өлеңін балалары Әбдірахман Тюмень қаласындағы реальды училищеде, Мағауия мен Күлбадан Семейдегі қалалық училищеде оқып жүргенде жазған.

Әбдірахман Тюменьдегі оқуын бітірген соң, Санкт-Петербургтегі Михайлов артиллерия училищесіне түседі. Алайда өкінішке орай, өз еліне қызмет етеді деп үміт еткен Әбдірахман Артиллерия академиясына баруға дайындалып жүрген кезінде, 1895 жылы ұзаққа созылған науқастан қайтыс болады.

<https://abai.kz>



Абайтану әліппесі

Абай өлеңдерінің ұйқасы әртүрлі. Мысалы, 11 буынды қара өлең ұйқасы, аралас, шұбыртпалы, ерікті, кезекті, шалыс, аралас т.б. ұйқас үлгісінде болады.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі ұйқас түрлерін жаз.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Адамның бір қызығы бала деген» материалын (106–109-беттер) оқы. «Әке көрген оқ жонар» деген тақырыпта эссе жаз.



Сенің түйгенің

Білімге, оқуға ынтаң қандай? Жеткілікті түрде көңіл бөліп жүрсің бе? Қандай мамандық таңдағың келеді?



Кітап – білім бұлағы

Сыздық Р.С. Абайдың сөз өрнегі.– Алматы: Арыс, 2004 – 208 б.

...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ... кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі...

Бірінші сөз

ОТЫЗ БІРІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау;
- көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау;
- шығармадан алған әсерін зерделеп, авторға хат жазу.

Тірек сөздер

Ғақлия
Қарасөз
Есте сақтау
Ой кеселдері

VCD 05

Дискіден «Отыз бірінші сөзді» тыңдап, есте сақтауға арналған жадынама жаз.

Зертте

Не себепті қарасөздерде араб тілінен енген сөздер кездеседі?

Абай поэзиядан басқа қарасөздер де қалдырған. Оның қарасөзі **ғақлия** деп те аталады. Ғақлия араб тілінде «дана сөз» деген ұғымды білдіреді. Ақын қырық бес қарасөз жазған. М.Әуезов бұл қарасөздерге мынадай түсініктеме береді: «Абайдың «қарасөз» дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар – сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стилль, мазмұны жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді».

«Отыз бірінші қарасөзінде» (1895 ж.) Абай адамның есте сақтау қабілетін дамытуды сөз етеді. Ол өз бетімен ғалымдардың еңбектерін зерттеп, есте сақтау қабілетінің маңызын ашады. Оны дамытудың жолдарын тұжырымдап ұсынады. Сонымен, Абай естіген немесе көрген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек дейді? Ақын оның төрт жолын көрсетеді.

Ең алдымен, көкірек көзі берік болу керек, яғни естіген нәрсеге мән бере қарап, ойлы көзбен көңілге бекіту қажет.

Екінші – естіген немесе көрген нәрсеге қызығып, соның мағынасын ұқсам деп, ынтық болу керек.

Үшінші – сол нәрсені бірнеше рет қайталап, іштей ойға түйіп алу керек.

Төртінші – ой кеселі: жаман нәрселерден қашық болу керек.

Ақын көрсеткен есте сақтаудың осы төрт қағидасын берік ұстаса, естіген жақсы сөз немесе көрген тәрбиелік маңызы зор жағымды іс адам ойында мәңгі қалады.

Одан соң Абай ой кеселдерін де жеке атап көрсетеді. Бұл да төрт түрлі.

Оның біріншісі – «уайымсыз салғырттық», яғни ешнәрсені ойламау, мақсат қоймау.


Екіншісі – «ойыншы-күлкішілдік», яғни орынсыз қызыққа елігіп, алтын уақытты босқа өткізу.

Үшінші – «қайғыға салыну», яғни басқа түскен қиындықты көтере алмау. Сабырлылықты сақтамаудың зияны көп.

Төртінші – адам өміріне қажетсіз нәрсеге құмарту.

«Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – дейді Абай.

Абайдың бұл тұжырымы адамның бүкіл ғұмырына рухани азық болады.



1

Білу

1. Ғақлия деген не?
2. Абайдың қанша қарасөзі бар?
3. «Отыз бірінші қарасөзінде» не туралы айтылған?
4. Есте сақтаудың қандай маңызы бар?

1. Абайдың қарасөздері несімен ерекшеленеді?
2. Абай не себепті есте сақтау қабілетіне мән берген?
3. Ой кеселдерінен неге арылуымыз керек?

Жұптық жұмыс. QR-cod арқылы мәтінді тыңдап (55-бет), «Сиқырлы конверттер» әдісімен жұмыс жасаңдар.

Сонымен, Абай естіген немесе көрген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек дейді?

Абай оның қандай төрт жолын көрсетеді?



1. Ең алдымен, көкірек көзі берік болу керек, яғни естіген нәрсеге мән бере қарап, ойлы көзбен көңілге бекіту қажет.



2. Екінші – естіген немесе көрген нәрсеге қызығып, соның мағынасын ұқсам деп, ынтық болу керек.



3. Үшінші – сол нәрсені бірнеше рет қайталап, іштей ойға түйіп алу керек.



4. Төртінші – жаман нәрселерден қашық болу керек.

Түйін: Ақын көрсеткен есте сақтаудың осы төрт қағида-сын берік ұстаса, естіген жақсы сөз немесе көрген тәрбиелік маңызы зор жағымды іс адам ойында мәңгі қалады.

Жеке жұмыс. Әр конвертте берілген үзінділерді мұқият оқып, негізгі ойды өз сөзіңмен баянда.

Конверттегі негізгі ойлар	Менің ойымша
1-конверт	
2-конверт	
3-конверт	
4-конверт	

Ой кеселдері: уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, қызығу (құмарлану).

1. **Топтық жұмыс.** «Әдебиет үйірмесі» әдісі арқылы қарасөзді мұқият оқып, мазмұнын талдай отырып, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын талдаңдар, мәтіндегі қолданысын анықтаңдар.

Баяндаушы – қарасөздің қысқаша мазмұнын пайымдап айтып береді.

Ізденуші – қарасөзде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын талдайды, қолданысын анықтайды.

Сөзтапқыш – қарасөздің рухани құндылығын талдайды.

Тәрбиелік мәнін ашады.

Дәнекер – қарасөзді өмірмен байланыстырады, мысал келтіреді.

2. «Гауһартас» тәсілімен шығармада берілген сөздердің маңыздылық деңгейіне баға бер. Қандай сөздер құнды деп ойлайсың? Гауһартасқа жаза отырып, мағынасын талда.



5

Жинақтау

Шығармадан алған әсеріңді зерделеп, «РАФТ» әдісімен авторға хат жазу.

Р – рөл – оқушы

А – аудитория – Абай атаға

Ф – форма – хат

Т – тақырып – «Отыз бірінші қарасөзден» алған әсерім»

Оқушы шығармадан алған әсерін жеткізе отырып, Абайға арнап хат жазады.

Қысқаша үлгі:

Абай атаға хат

Қымбатты, Абай ата!

«Отыз бірінші қарасөзді» оқып, ерекше әсер алдым. Кез келген нәрсені есте сақтаудың маңыздылығын және оны дамыту қажеттігін ұқтым. Енді мен де өз алтын уақытымды босқа өткізбей, тек пайдалы іске жұмсайтын боламын.

Сіздің қарасөздеріңіз келер ұрпаққа қалған өсиет деп білемін. Сізге көп рақмет!

Айнұр.

«Отыз бірінші қарасөздің» сен үшін маңызы неде?



Білгенге маржан

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден (поэзиядан) айырмашылығы – мұнда сөз ырғағы еркін келеді, өлең өлшемі, шумақ, тармақ болмайды.

Абайдың қарасөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа. Қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қарасөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Тақырып – әдебиеттің іргетасы. Қаламгер көркем шығармасына негіз еткен өмір құбылыстарының тобы тақырып болады.

Абай шығармаларының тақырыбы жан-жақты, аясы кең.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

«Отыз бірінші сөздің» тақырыбы қазіргі заманда өзекті ме? Пікіріңді дәлелдеп жаз.



Сенің түйгенің

Сенің кейбір ақпаратты есте сақтамауыңа не кедергі? Қарасөзге сүйене отырып, оны болдырмаудың жолдарын жаз.



Кітап – білім бұлағы

Абай Құнанбаев. Қарасөздер/ Абай; [Жобаның авт. Мырзагелді Кемел]. – Астана: Аударма, 2002. – 99 б.

Абай қарасөздерінің күдіреттілігі – адам жасын да, ұлтын да талғамауында. Дана хакімнен бәріміз үйренеміз. Ақынның «Отыз екінші қарасөзінде» не айтылған екен?

ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру;
- қарасөзді пайымдап оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну;
- Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын кластерде жинақтау.



VCD 06

Дискідегі «Білімдіден шыққан сөз» өлеңін тыңда. Сен кімдерді білімді деп есептейсің?

Тірек сөздер

*Шарт
Талап
Мейірлену
Мінезге берік болу*

Ақын осы қарасөзінде білім алғысы келгендерге бірнеше шарт ұсынады.

Біріншіден, оқуға, бір нәрсені білуге шын көңілмен ұмтылу (мейірлену) керек. «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі». Сонда оқуды жеңіл меңгересің. Біртіндеп көп жайтты үйренесің, есінде сақтайсың. Ал «Шала мейір шала байқайды».

Екіншіден, білімді біреумен бөсекелестік үшін үйренбеу керек. Демек, «мен көп білем, менің сыныптасым аз біледі» деп мақтану – нашар қылық. Сол үшін ақын: «... Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе», – дейді.

Үшіншіден, белгілі бір ұстанымың болсын, қандай жағдай болса да, содан ауытқымау керек. Мысалы, оқушының негізгі міндеті – білім алу. Уақытты ойынға, тағы да басқа жайттарға жұмсап, мақсатсыз өткізуден сақтану керек. «Әр хақиқатқа тырысып, иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең – айырылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?».

Төртіншіден, ақын оқумен айналысатын адамға екі нәрсенің керектігін айтады: мұлахаза – ойласу, пікір алысу. Тағы бірі – мұхафаза – сақтау. Адам осы



Сөзмаржан

Хасил – тыныштық, рахатшылық

Бақас – күншіл адам

Хүсідшілік – күндеу, күндеушілік

Хірслану – ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу

Ғұруырлық – менмендік, ірілік

Мұлахаза – ойласу, пікір алысу

Мұхафаза – сақтау, қорғау

Зинһар – әсіресе

қасиеттерді дамытып отыруы керек. «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды».

Бесіншіден, ақылға кедергі (кесел) болатын жайттардан абай болу керек. «...ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар зинһар, жаным, соған бек сақ бол».

Алтыншыдан, алған білімді де, ақылды да мінез сақтайды. «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!». Мінезіңе берік болғаның жөн.

Міне, Абай атаң айтқан осы шарттарды ұстансаң, сенің де өз мақсатыңа жете алатыныңа сеніміміз мол.



«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе»

1

Білу

1. Ақынның ғылым, білім туралы қандай шығармасы бар?
2. Оқушының негізгі міндеті не?
3. Білім алу үшін не істеу керек?

2

Түсіну

1. Ақын білім алу жолын қалай көрсетеді? Неліктен?
2. Өзіңе сабақта қиындық кездесе, не істейсің?
3. «Шын мейірлену» не үшін қажет?

3

Қолдану

1. «Мейір» сөзінен жаңа сөздер жаса. Осы сөздерден сөйлемдер құра.
2. Жұптық жұмыс. «Өңгімелесетін әріптестер» әдісі арқылы өз жұбыңмен
 - жаңа оқылған 3 мәселе туралы;
 - өздеріңе жеңіл болып көрінген жайт туралы;
 - өздеріңе қиын болып көрінген жайт туралы;
 - алдағы уақытта оқығыларың келген нәрселер туралы ақпарат алмасыңдар.
3. Қарасөзді құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құр.
 Жоспар:
 I Кіріспе бөлім.
 II Негізгі бөлім.
 2.1
 2.2
 2.3
 III Қорытынды бөлім.

4

Талдау

Топтық жұмыс. «Дойбы» әдісі бойынша қарасөзді талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тастарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.

1. Қарасөздің идеясы мен мазмұны қандай?
2. Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?
3. Сөзінің соңында ақын қандай байламға келді?
4. Қандай сөздер ерекше әсер қалдырды?

1. Кестедегі берілген үзінділердің бірін алып, өмірмен байланыстыра отырып әңгімеле.

№	Мысалы	Менің тұжырымым
1	Оқуға, бір нәрсені білуге шын көңілмен ұмтылу (мейірлену) керек. «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды». Сонда оқуды жеңіл үйренесің. Біртіндеп көп жайтты меңгересің, есінде сақтайсың.	
2	Білімді біреумен бәсекелестік үшін үйренбеу керек. Демек, «мен көп білем, менің сыныптасым аз біледі», – деп мақтану – нашар қылық. «... Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе».	
3	Белгілі бір ұстанымың болсын, қандай жағдай болса да, содан ауытқымау керек. Мысалы, оқушының негізгі міндеті – білім алу. Уақытты ойынға, тағы да басқа жайттарға жұмсап, мақсатсыз өткізуден сақтану керек. «Әр хақиқатқа тырысып, иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?».	
4	Ақын оқумен айналысатын адамға екі нәрсенің керектігін айтады: мұлахаза – ойласу, пікір алысу. Тағы бірі – мұхафаза – сақтау. Адам осы қасиеттерді дамытып отыруы керек. «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды».	
5	Ақылға кедергі (кесел) болатын жайттардан абай болу керек. «...ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның	

№	Мысалы	Менің тұжырым
	ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар зинһар, жаным, соған бек сақ бол».	
6	Алған білімді де, ақылды да мінез сақтайды. «Мінезіңе берік бол. Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!».	

2. Жұптық жұмыс. «Баяндама» әдісімен жұмыс істеңдер. Қарасөзді оқып, оның мазмұнын сурет, сызба түрінде ұсын. Жасаған жұмысыңды жұбыңа бер. Оның жұмысын өзің ал. Әркім өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолданып, осы мәтін бойынша баяндама жасайды.
3. Топтық жұмыс. Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын кластерде жинақтаңдар.

6

Бағалау

Қалай ойлайсың, білім алып жүрген оқушыларға ақын ұсынған шарттар жеткілікті ме?

Білгенге маржан

Абай мен Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының көрнекті ақындары, дарынды ұлдары. Олардың қаламынан маңызы зор көркем шығармалар туды. Екеуі де бар күш-қуатын қазақ елін озық мәдениетті мемлекеттердің қатарына қосуға жұмсады. Абай Ы.Алтынсариннің халықты білім алуға шақырған өлеңдерін оқып, оларды зор қуанышпен насихаттайды.

Қос ағартушы білім алуды адам дер кезінде – жас шағында ескеруі қажет екенін өсиет етті. Әсіресе, Абай қарасөздерінде оқу, білім тақырыбын адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, парасаттылық туралы ойлармен ұштастырды. Әрбір адам күнде өз-өзінен есеп алып, өзін-өзі тәрбиелеуі қажет екенін ұрпағына өсиет етті.

Абай. Әдеби-танымдық энциклопедия

Білім – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының т.б. жиынтығы. Оқу, үйрену арқылы алынатын дүниенің қандай да бір қыр-сыры туралы түсінік.

Ежелгі мәдениетте білім аңыздар, салт-дәстүрлік жарлықтар мен нормалар, тыйым салулар пішімінде болды.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Абай кейбір шығармаларында өз ойларын араб, парсы, орыс тілдеріндегі сөздермен бейнелеген. Бұл оның қазақ тілде сөз қорының аз болғандығынан немесе ұғымды дұрыс жеткізе алмағандығынан емес, айтпақ болған сөзін анық жеткізу үшін қолданғандығынан.

Ақын шығармашылығында шамамен, басқа тілдерден енген 578 сөз қолданған, соның 402-сі – араб сөзі.

<https://abai.kz>



Жазып көр

«Отыз екінші сөзде» қанша араб сөзі бар? Оларды аудармаларымен бірге кестеге жаз.

«Отыз екінші сөздегі» араб сөзі	Аудармасы



Сенің түйгенің

Саған қандай пәндерді игеру қиындық туғызады? Ондай кезде не істейсің? Тақырыптан өзіңе не түйдің?



Кітап – білім бұлағы

Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

Міне, сен «Білімдіден шыққан сөз» тарауын аяқтап, ақынның тұлғалық болмысын жаңа бір қырынан таныдың.
Не білдің? Не үйрендің? Кәне, өзінді сынап көр.

ӨЗІНДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс. «Білімдіден қандай сөздер шығады?» деген сауалды «Үлкен шеңбер» әдісімен топтарыңда талдап көріңдер.

- 1) Шеңберде отырған әрбір оқушы осы сұраққа жауап жазады.
- 2) Оқушылар кезекпен өз жауаптарын оқиды. Топ бұл жауаптарды сынамай тыңдайды. Бірақ әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауды дауысқа салады.
- 3) Ең соңында барлық жауаптар тыңдалып болған соң қорытынды шығарылады. Оқушылар қорытындыға қарап, білімді кісінің айтатын сөздерін зерделейді.

Жұптық жұмыс.

«Желпуіш» әдісімен қағазды желпуіш пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне тарауға қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады. Содан соң жұптар алмасады.

Жеке жұмыс.

1. «ПОПС формуласы» әдісімен «Білімдіден шыққан сөз» тарауын түйінде.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,»
Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін:»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім:»
2. «Мен ақын шығармаларынан не түсіндім?» деген тақырыпқа дәлелдемелік эссе жаз.

3. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. «Адамның бір қызығы – бала деген» өлең жолы ақынның қай шығармасынан алынды?
 - A) «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі
 - B) «Интернатта оқып жүр» өлеңі
 - C) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі
 - D) «Білімдіден шыққан сөз» өлеңі
 - E) «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі
2. Ұйқас деген не?
 - A) Өлең тармақтарындағы буын сандарының бірдей болуы
 - B) Сөз басындағы дыбыстардың қайталануы
 - C) Өлеңдегі тармақтардың бірдей болуы
 - D) Сөйлем құрылымының үйлесімділігі
 - E) Өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі
3. Абайдың Семейдегі қалалық училищеде оқыған баласы:
 - A) Әбдірахман
 - B) Мағауия
 - C) Ақылбай
 - D) Тұрағұл
 - E) Кәкітай
4. Абайдың қарасөзі деген не?
 - A) Аңыз
 - B) Әңгіме
 - C) Драма
 - D) Өлең
 - E) Проза
5. Қаламгердің өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы:
 - A) Образ
 - B) Стилль
 - C) Идея
 - D) Тақырып
 - E) Шығарма

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ФОРМАТЫНДАҒЫ ТАПСЫРМА ҮЛГІЛЕРІ

1. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырманы орында.

Ақын «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін 1885 жылы қырық жасында жазған. Бұл өлеңнің басты идеясы – жалындаған жас күнінде алтын уақытты босқа өткізбей, ғылым, білім, өнер үйрену қажеттігі.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Абай әкесінің қалауымен Семей қаласындағы оқуын тастап, оған көмекші болғанын білеміз. Елге қызмет істеп жүргенде білімділіктің өзі үшін де, халық үшін де керектігін түсінді.

Өлең үзіндісіндегі «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген тіркестің мағынасын аш.

- A) Өзгеру
- B) Кешіру
- C) Кешігу
- D) Өкіну
- E) Ренжу

2. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырманы орында.

«Отыз бірінші қарасөзінде» Абай адамның есте сақтау қабілетін дамытуды сөз етеді. Хакім өз бетімен ғалымдардың еңбегін зерттеп, есте сақтау қабілетінің маңызын ашады. Оны дамытудың жолдарын тұжырымдап ұсынады. Сонымен, Абай естіген немесе көрген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек дейді? Ақын оның төрт жолын көрсетеді.

Ең алдымен, көкірек көзі берік болу керек, яғни естіген нәрсеге мән бере қарап, ойлы көзбен көңілге бекіту қажет.

Екінші – естіген немесе көрген нәрсеге қызығып, соның мағынасын ұқсам деп, ынтық болу керек.

Үшінші – сол нәрсені бірнеше рет қайталап, іштей ойға түйіп алу керек.

Төртінші – жаман нәрселерден қашық болу керек.

Ақын көрсеткен есте сақтаудың осы төрт қағидасын берік ұстаса, естіген жақсы сөз немесе көрген тәрбиелік маңызы зор жағымды іс адам ойында мәңгі қалады.

«Отыз бірінші қарасөздегі» есте сақтаудың жолдарын ретімен сәйкестендір.

- | | |
|-------------|--|
| 1. Бірінші | А) жаман нәрселерден қашық болу керек. |
| 2. Екінші | В) сол нәрсені бірнеше рет қайталап, іштей ойға түйіп алу керек. |
| 3. Үшінші | С) естіген немесе көрген нәрсеге қызығып, соның мағынасын ұқсам деп, ынтық болу керек. |
| 4. Төртінші | Д) көкірек көзі берік болу керек, яғни естіген нәрсеге мән бере қарап, ойлы көзбен көңілге бекіту қажет. |

3. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Абай «Отыз екінші қарасөзінде»: «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», – деген.

1) «Мұлахаза» және «мұхафаза» сөздерінің мағынасы:

- А) Ойласу, пікір алысу
- В) Ойласу, сақтау
- С) Ойласу, сөйлесу
- Д) Ойласу, қорғану
- Е) Ойласу, келісу

2) Білім-ғылымды дамытуға тағы нелер керек? Ақынның пікірін толықтырып жаз.

III ТАРАУ

МІНІҢДІ ҰРЛАП ЖАСЫРЫП

Досым, сен осы тарауда:

- адамның түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін, болмысын ақынның мысал өлеңдері мен сатирасы арқылы сын тұрғысында пайымдауды үйренесің.

Абай И.А.Қрыловтың кез келген мысалын емес, тәрбиелік мақсатты көздейтін шығармаларын көбірек аударған.

Дандай Ысқақұлы

«ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ» МЫСАЛЫ

Меңгерілетін білім:

- көркем шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту;
- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының қызметін анықтау;
- шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу;
- оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу.

Тірек сөздер

Сатира
Мысал
Аударма
Сыншы

Сенің түйгенің

Қандай адам сын айта алады?

Зертте

Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, мысал жанрының шығу тарихын, себебін зертте.

Абай адам бойында кездесетін түрлі оғаш мінез-құлықты да зерттеген. «Күлембайға», «Абыралыға» сияқты көптеген сатиралық шығармалары осы мәселеге арналған. Сондай-ақ ақын орыс ақын-жазушыларының бірнеше мысалын аударған.

Мысал – шағын көлемді, адамға сабақ болатын тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шығарма. Көбінесе құстар, хайуанаттар, жәндіктер, өсімдіктер туралы жазылады. Сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік сыналады. Шығармадағы кейіпкерлер адам тілінде сөйлейтін жануарлар немесе өсімдіктер болуы мүмкін. Мысалда тәрбиелік мақсаттағы негізгі ой тұжырымдалады.

«Есек пен бұлбұл» туындысы – орыс халқының әйгілі ақыны Иван Андреевич Қрыловтың «Осёл и Соловей» мысалының аудармасы.

Абайдың И.А.Қрыловтың шығармаларын тәржімелеу себебі туралы ақынның ұлы Тұрағұл былай жазады: «1894 жылы Федоров деген уезной елге келгенде, менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін перевод еткенін естіп, әкеме айтты: «Сіз Қрыловтан перевод етсеңізші, қазақтың ұғымына сол қолайлы, жеңіл ғой», – деп. Содан кейін Қрыловты перевод етіп еді».

Дегенмен бұл туындыны еркін аудармаға жатқызуға да болады. Себебі

И.А.Крыловтың жазған мысалы 29 жолдан тұрса, Абай оны 35 жол етіп аударған.

Шөпке тойған есек тоғай ішіндегі бұлбұлға кенеттен жолығып қалады.

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.

Есек бұлбұлдың сайрап беруін сұрайды. Тамылжыта сайраған бұлбұлды қойшы, қой, жел, құс – бәрі тынып, тыңдап қалады.

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып,
Мың түрлі күйге салып толқынтады,
Маңайда жан біткенді таңырқатып.

Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп.

Алайда бұлбұлдың әні есекке ұнамай қалады:

Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
«Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
Әттеген-ай, білмепсің өтешті өзің!»



Өтештің «әнін» армандаған есек

Екенсің ән салуға сен-дағы епті,
 Сен біраз әтеш әнін үйрен!» – депті.
 Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,
 Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.

Мұндағы есек – ақымақ, надан адамның бейнесі болса, бұлбұл – әнші, жұрттан асқан нағыз өнер адамының бейнесі.

Абай әндер мен күйлер де шығарған. «Құлақтан кіріп, бойды алар. Жақсы ән мен тәтті күй» деп, ән мен күйді, өнерпазды жоғары бағалаған. Бұлбұл сияқты шын әншіні де, есек секілді дарынсыз сыншыларды да кездестірген.

1

Білу

1. Мысал деген не?
2. Мысалда қандай кейіпкерлер болуы мүмкін?
3. Абай кімнің мысалдарын аударған?
4. Есек туралы қандай мақал-мәтелдер білесің?

2

Түсіну

1. Не себепті Абай И.А.Крыловтың шығармаларын аударған?
2. Мысалдың қандай маңызы бар? Неліктен?
3. Мысалда неліктен жан-жануар, өсімдіктер т.б. суреттеледі?
4. Бұлбұлдың сайрағаны неге есекке ұнамады?

3

Қолдану

1. Топтық жұмыс. Кестедегі оқиға желісін басшылыққа алып, шығарманы көркем тілмен баяндап беріңдер.

Есек пен бұлбұлдың жолығуы	Есектің өтініші	Бұлбұлдың ән салуы	«Сыншының» сөзі	Бұлбұлдың ұшып кетуі

2. Кестені толтыр. QR-cod арқылы мысалды тыңдап (71-бет), кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын аш.

Кейіпкер	Іс-әрекеті
Бұлбұл	
Есек	

1. Шығармадағы суреттеу құралдарының қызметін талда, қолданылу себептерін анықта.

Көркемдегіш құрал	Үзінді	Қызметі

2. Жұптық жұмыс. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша мысалды талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

- 1) Өзіндік пікір (ой, идея. 1 сөйлем).
- 2) Дәлел (2 сөйлем).
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем).
- 4) Өз пікіріне қарсы пікір (1 сөйлем).
- 5) Қарсы пікірді жоққа шығаратын мысал (2 сөйлем).
- 6) Қорытынды (2 сөйлем).

1. Шығармадан алған әсеріңді жаза отырып, сыни хабарлама жаз.

Сыни хабарлама жазу – ой қозғай отырып, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, жүйелеп, дәлелдеп, тұжырым жасап, шешім қабылдау.

Кіріспе бөлім. Шығармадан алған әсерін жеткізеді.

Негізгі бөлім. Кейіпкерлердің әрекеті не туралы ойлануға жетелейді? Талдау жасайды, әсерін кейіпкер әрекетімен байланыстырады, дәлелдейді.

Қорытынды бөлім. Кейіпкердің бойынан өзіне үйренетін не жиренетін қасиеттерін айтып, ойын тұжырымдайды.

2. «3–2–1» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс жасап, тақырыппен байланыстыра отырып, кестені толтыр.

Мысал туралы 3 дерек			
Мысал бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

1. Мысал өлеңнің құндылығы неде? Баға бер.
2. Қазіргі заманда мысал жазу қажеттілігі бар ма?



Білгенге маржан

Эстетика – адамның дүниені көркемдік тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы ғылым. Сондай-ақ әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым.

Орысша-қазақша түсіндірме жалпы сөздік



Абайтану әліппесі

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Абайдың 10 жасындағы тұңғыш өлеңі сатирамен жазылған. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Ақын сатираны шығармашылығында кең пайдаланған және оны жаңартып, дамытқан.

Көйіптеу – әртүрлі жануарларды, өсімдіктерді, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Мысалы, «жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт, әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп».

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

1. Ақынның қандай сатиралық шығармалары бар?
2. Сен қандай нәрсені не жануарды адам кейпінде суреттер едің? Не себепті? Ойыңды мысалмен жазып көрсет.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Білімдіден шыққан сөз», «Ақын аудармалары» материалдарын оқып (116-бет), дәлелдемелік эссе жаз.



Кітап – білім бұлағы

Әбілдаұлы Ұ. Абайды оқу әліппесі: төменгі сынып оқушыларына ұлы ақынды таныстыру. – Алматы: Рауан, 1994 –.87 б.

Мысалдың өрнектілігі, әуезділігі қайран қалдырады, ырғағы да, ұйқасы да, мақамы да, сөздің әуені де мінсіз, құйылып тұр.

Сауытбек Абдрахманов

«ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА» МЫСАЛЫ

Меңгерілетін білім:

- өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының қызметін анықтау;
- шығарманы автор ізімен баяндап жазу;
- көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу;
- шығарманы пайымдап оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну.

Тірек сөздер

Ән салу
Гөлайттау
Сауықшыл
Ала жаздай еңбектену
Асырау

Зертте

Жалқаулықтың мысалы ретінде сен қандай жан-жануар, жәндік не өсімдікті алар едің? Не себепті?

«Шегіртке мен құмырсқа» туындысы – И.А.Қрыловтың «Стрекоза и муравей» мысалының аудармасы.

Жанры – поэзия (мысал өлең).
Идеясы – арамтамақ жалқаулықты сынау.

Шегіртке арқылы еңбек етуге ерінетін, ойсыз адамның кейпі сипатталса, құмырсқа – еңбекқор адамның бейнесі.

Өлең әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұратын 8–9 буынды (а-б-в-б) жыр үлгісімен жазылған.

Абай түпнұсқадағы «стрекозаны» инелік деп алмай, шегіртке (кузнечик) деп өзгерткен. Өйткені сирек кездесетін инелікке қарағанда, жаздың күні далада қаптап жүретін шегірткенің тіршілігі қазақтың баласына танысырақ. Оның үстіне мысалда айтылатын ой мен мазмұн инеліктен гөрі шегірткенің өмір сүру табиғатына келіңкірейді. (Д.Ысқақұлы)

Мысал екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде шегірткенің жаз бойы сайран салғаны суреттеледі.

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп, ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздықүнгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде ұй...

Шегіртке осылай жазды өткізеді. Ал мысалдың екінші бөлігінде шегірткенің жағдайы қиындайды. Күз келеді, күзден кейін қыс түседі. Ал шегіртке қысқа дайын емес.

Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан,
Ойын қайда, ән қайда?

Оныменен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Тамақ, баспана жоқ, шегіртке ашығады, бүрісіп тоңа бастайды. Илеуіне қысқы азығын жинап алған құмырсқаны іздеп табады. Жаз шыққанша асырауын сұрайды. Құмырсқа жалқау, арамтамақ шегірткені асырағысы келмейді. Сөйтіп, ақын өлеңнің соңын мынадай ирониямен аяқтайды:

Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

Түпнұсқада 30 жол, аудармасында – 36 жол.



«Еңбекқор» құмырсқа мен «әнші» шегіртке

1

Білу

1. Хрестоматиядан мысал өлеңді мұқият оқы.
2. Мысалда қандай кейіпкерлер бар?
3. Құмырсқа туралы не білесің?
4. Шегірткені қайдан көрдің?
5. Мысалдағы шегіртке жаз бойы немен айналысты?

2

Түсіну

1. Мысалды түсініп оқып, негізгі ой түйіндерін анықта.
2. Шегіртке неліктен қыста далада қалды?
3. Құмырсқаның не себепті жағдайы жақсы болды?
4. Құмырсқа неге шегірткені кіргізбеді? Қандай жағдайда үйіне кіргізуі мүмкін еді?

3

Қолдану

1. Топтық жұмыс. QR-cod арқылы мысалды тыңдап (76-бет), «Буриме» әдісі бойынша автор ізіне сай баяндап жазыңдар. Берілген ұйқастарға сай өлең құрастырыңдар.

... ойланған,
 ... толғанған,
 ...
 ... қамданған.

... өн салды,
 ... жар салды.
 ... би биледі,
 ... қолы тимеді.

2. Мысал өлеңнің әр бөлігіне тақырып қойып, мәтінге жоспар құр.

Шығармадан үзінді	Тақырыбы	Жоспар

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. «Концептуалды кесте» әдісі арқылы мысалды талдаңдар. Кестеге мысал өлеңде берілген сөздердің мағынасын талдап, шығармадағы қолданысын анықтаңдар.

Үлгі:

Мысалдағы сөздер мен сөз тіркестері	Лексикалық мағынасы	Мәтіндегі қолданысы
Шырылдауық	Шырылдап, мазасы қашу	Шегірткенің өн салуы.
Гөлайттап	Қыдыру, ел шарлау	Шегірткенің секектеуі, алдағы өмірін ойламауы.
Жапырақ кетті	Кету, қайту	Жаз мезгілінің кетіп, қара суық күздің келуі.
Қабағын қайғы жабады	Қайғы жабу	Шегірткенің күйзелісі, қайғыруы.

2. Мысал өлеңнің құрылысына талдау жаса.
 - Өлеңдегі буын саны мен буын түрін ата.
 - Түпнұсқа мен аударма қанша жолдан тұрады?
 - Мысал өлең арқылы ақын не айтпақ болды?
3. «Болжау» әдісімен ойыңды айт. Егер құмырсқа шегірткені күн жылығанша асыраса, жаз шыққан соң не болуы мүмкін?

5

Жинақтау

1. Жұптық жұмыс. «Қабырғадағы рөл» әдісімен жұмыс істедіңдер. Құмырсқа не шегірткенің сұлбасын дәптерлеріңе салыңдар.
Ішіне: осы кейіпкер туралы өздерің бұрыннан білетіндеріңді және мәтін мазмұны бойынша сипаттаманы жазыңдар.
Сыртына: өмірмен байланыс, қорытынды ой, мақал-мәтел жазыңдар. Жұптарыңмен бөлісіңдер.
2. Өз отбасыңда қысқа қандай дайындық жасайсыңдар?
3. Мысалдың негізгі идеясын мақал-мәтелдермен түйіндеп жаз.

6

Бағалау

«Шегіртке мен құмырсқа» мысал өлеңінің қазіргі замандағы маңыздылығы қандай?



Білгенге маржан

Ежелгі грек философы Эзоптың «Қоңыз бен құмырсқа» деп аталатын мысалы бар. Оны XVII ғасырда Франция ақыны Жан де

Лафонтен аударып, «La Cigale et la Fourmi» – «Цикада мен құмырсақ» деп атаған.

XVIII ғасырда осы мысалды орыс тіліне аударған бірнеше ресейлік ақын «Стрекоза и Муравей» деп алған. Себебі ол кезде ауызекі сөйлеу тілінде инелікті де, шегірткені де жалпылама «стрекоза» («стрекотать», яғни «шырылдау», «дыбыс шығару» деген сөзден шыққан) деп атаған екен.

Марк Залкинд



Абайтану әліппесі

Ирония (кекесін) – кемшілікті, мінді астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Абай иронияны элеуметтік өмірдегі кемшіліктерді мінеп, шенеуге арнады. Ақын ирониясының мақсаты – оқырманына әсер ету, көтеріп отырған мәселесінің өзектілігіне назар аударту үшін ерекше екіпін түсіре жеткізу.

Шендестіру (антитеза грек. antithesis – қарама-қарсылық) қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік әдіс. «Шегіртке мен құмырсақ» мысалында ақын еңбекқорлық пен жалқаулықты қарама-қарсы қойған.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Мысалдағы шендестірулерді теріп жаз. Олардың қолданылуын түсіндір.



Сенің түйгенің

Масылдыңтың қауіптілігі неде?

Отбасыңдағы сенің міндетің не? Міндетіңді қалай атқарып жүрсің?



Кітап – білім бұлағы

Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қарасөздер – Алматы: Мектеп, 2007. – 158 б.

Абай И.А.Крылов мысалдарының ішінен қазаққа пайдалысын, ұғынықтысын, даланың тұрмыс-салтына орайлысын таңдаған.

Дандай Ысқақұлы

«ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ» МЫСАЛЫ

Меңгерілетін білім:

- шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, жоспар құру;
- мысал өлеңді комикс түрінде интерпретациялау;
- мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, дәйек) әңгімелеу;
- шығармадан алған әсерін зерделеп, авторға хат жазу.

Тірек сөздер

*Қошемет
Мақтаншақ
Даңғойлық
Алдау
Тәтті сөз*

Зертте

«Қарға мен түлкі» өлеңінің екінші нұсқасын («Боктықта талтандап») оқы. Оны бірінші нұсқамен салыстырып, ерекшелігі мен ұқсастығын зертте.

Абай И.А.Крыловтың кез келген мысалын аударма бермеген. Ол Крыловтың 236 мысалының ішінен таңдап, қазақ ұғымына сай етіп, 12 нұсқасын ғана қазақшалаған.

Ақын «Қарға мен түлкі» мысалын екі нұсқада аударған. Жанры – поэзия (мысал өлең). Идеясы – мақтаншақтықты, даңғойлықты сынау. Қарға мақтаншақ, аңғал, даңғой жанның сипатында болса, түлкі – сұм, қу, алаяқ адамның бейнесі.

Мысалдың екі түрінің де мазмұны, айтар ойы – бір. Айырмасы – бірі дәл аударылса, екіншісі еркін аудармаға жатады. Түпнұсқадағы 26 жолдық мәтін дәл аудармада – 47, екіншісінде – 55. Еркін аударылған нұсқа 7–8 буынды жыр үлгісімен жазылған.

«Қарға мен түлкі» мысалының бірінші нұсқасы былай басталады:

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,

Артынан өкінсең де, пайда жоқ, –
деген жолдармен бірден оқырмандардың назарын аударады.

Бірінші бөлімде қарғаның ірімшікті тапқаны сөз болады:

Ірімшікті Құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға,

Сенің түйгенің

Мақтаншақтық пен даңғойлық адамға қандай қауіп төндіруі мүмкін?

Сөзмаржан

Сұрқия тіл – бұл жерде: алдамшы сөз

Қошаметші – бұл жерде: өтірік мақтау

Боқтықта талтаңдап – бұл жерде: қоқыс жиналатын жер

Мазатсып – мазасызданып

Асық боп келіп ем – ғашық болу (бұл жерде: шын ғашықтық жоқ, алдау)

Алып ұшып барды да,
Қонды бір биік ағашқа.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа? –
Бір жеп алып, шүкірлік
Қылайын деп Аллаға.

Мұндағы «шүкірлік қылу» – қазақы ұғымға төн нәрсе. Сөйтіп, қарға тамақтану керек еді, бірақ күтпеген жерден оны түлкі көріп қалады.

Тұмсығында ірімшік,
Ойланып қарап тұр еді,
Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді,
Ішіне сақтап қулығын,
Ептеп барып барлайды.

Қарға биікте, ағаштың басында, ал түлкі жерде. Бірақ алшыс екі айралы түлкіге қарғаны алдап түсіру сөз емес:

Бұлғақтатып құйрығын,
Қарғаның көзін алдайды.



Қарға мен түлкі

Тәтті тілмен, тәтті үнмен
Сөйлесуге айналды:
«Қарағым, неткен сұлу ең!» –
Деп таңырқап, таңданды.
«Не еткен мойын, не еткен көз,
Осыдан артық дейсің бе
Ертегі қылып айтқан сөз?».

Түлкі қарғаның тек «сұлу» екенін құр айтып қана қоймай,
оны бастан-аяқ сипаттап, көркіне «таңғалады»:

«Қалайша біткен, япырмай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!
Періштенің үніндей
Деп ойлаймын үніңіз.
Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің білінді,
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні».

Әрине қарға үшін құс төресі болу үлкен арман!

Басы айналды қарғаның
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғаннан бөртініп,
Бір мастық кірді өзіне.

Осылайша мақтауға басы айналған қарға жегелі отырған
ірімшікті де ұмытып, «сайрамақ» болып, қарқ ете қалады:

Өзіне біткен өңешін
Аямастан қарқ етті.

Әлбетте аңдып тұрған қу түлкі ірімшікті алып, қашып кетеді:

Ірімшік жерге салп етті,
Іс бітті, қу кетті.

Ақын қарғаның мақтауға есіріп кеткенін ирониямен білдіреді,
яғни қарға «өзіне біткен өңешін де аямайды».

Екінші нұсқада қарға ірімшікті «асықпай жемек болып», «бір
ағашқа қонып», жан-жағына масаттана қарайды, «таранады»,
яғни олжаға кенелгеніне масаттанады:

Бір ағашқа қонды да,
Асықпай жемек болды да,
Мазатсып қарады,
Оңына, солына.

Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып...

Сөйтіп отырғанда, «жем іздеген бір түлкінің» көзіне «ірімшікті тістеген қарға» түседі.

Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып,
Болмақшы еді мөз-мейрам,
Дейтін емес қу қайдан,
Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына,
Ағаштан төмен түспеген,
Ірімшікті тістеген
Қарға түсті көзіне.

Алпыс екі айлалы түлкіні бұл нұсқада автор былай суреттейді:

Қу құмар ақымаққа
Алдап, арбап соқпаққа
Кеңеседі өзіне.
Жуасып, жабырқап,
Таңқалып, таңырқап,
Қарады жүзіне.
Қарашы залымның,
Бұл жұртқа мәлімнің,
Алдаған сөзіне:
– Есен-сау жүрсіз бе,
Ақынның төресі?

«Ақынның төресі» деген мақтауға есіріп, қарға ірімшікті түсіріп алады:

...Ірімшік жерге салп етті.
Тап етті, шап етті,
Ап кетті қу түлкі.
Антұрған, сол тұрған
Жерінде бол күлкі.

Осылай қарға ірімшіктен айырылып, аш қалады.

1

Білу

1. Мысалда не туралы айтылады?
2. Қарғаны қайдан көрдің?
3. Түлкі туралы не білесің?
4. Түлкі қарғаны кімдерге теңеген?

2

Түсіну

1. Түлкі неге қарғаны мақтады?
2. Түлкіні халық қалай сипаттайды? Неліктен?
3. Қарға неге түлкіге алданып қалды?

3

Қолдану

1. Хрестоматиядан мысалдарды мұқият оқып, жоспар құр.
Жоспар:
I Кіріспе бөлім
II Негізгі бөлім
2.1. ...
2.2. ...
III Қорытынды бөлім
2. Жұптық жұмыс. «Кезбе шолу» әдісі арқылы мысал-өлеңдегі тірек сөздерді кестеге түсіріп, мағынасын ашып, пікір алмасындар.

Тірек сөздер	Мәтін мазмұнынан үзінді	Менің қорытынды ойым

3. Мысалдан түлкінің қарғаны мақтаған сөздерін теріп оқы. Қандай құсты елестеттің? Осы сөздердің атқарып тұрған қызметін түсіндір.

4

Талдау

1. Мысалдағы ой-түйіндерді талдап, оларды салыстырмалы үлгіде (мақал, дәйек) әңгімеле.
2. Топтық жұмыс. Әр топ оқушылары мысалға оқиға тізбегін құрып, талдайды. Оқиға желісін басшылыққа алып, әр бөлімді комикс ретінде береді. Салған суреттерін мазмұндап, қорғайды.
3. Жұптық жұмыс. «DEAL» әдісі арқылы мысалдың мазмұны негізінде талдау жасап, мысалдармен дәлелде.
D – Describe – баяндау (оқиғаны сипаттау). E – Explain – түсіндіру (оқиға бойынша суреттеу). A – Analyse – талдау, дәлелдеу (мысал келтіріп, дәлелдеу). L – Links – қазіргі заманмен байланыстыру (қорытынды жасау).

5

Жинақтау

1. Екі кейіпкердің бойындағы жағымсыз қасиеттерді жинақтап, сызбаға түсір.

2. Мысал идеясына сай кейіпкерлерге мінездеме бер. Ақынның «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңін интернеттен тауып оқып, мысал туралы ойыңды түйінде.

6

Бағалау

Осы шығармадан алған әсеріңді зерделеп, авторға хат жаз.



Білгенге маржан

Профессор Дандай Ысқақұлы мысал нұсқалары туралы былай деп жазады: «...Оның бірі «Жұрт біледі, күледі» де, екіншісі – «Боқтықта талтаңдап». М.Әуезов осының екіншісі Абайдікі екендігіне күмән келтіріп, Ыбырайдікі деген пікір айтқан (*М.Әуезов. Абай Құнанбаев. Алматы: 1967, 199-б*). Кейіннен Ы.Алтынсарин аударған «Ашығып түлкі жүрді жапандарда» деп басталатын мысал анықталды. Абай мұрасын зерттеушілер екі нұсқаны да Абайдікі деген пікірге келді.

<https://qazaquni.kz/>



Абайтану әліппесі

Пролог – көркем шығарманың кіріспе бөлімі. Көркем шығармалардағы суреттелетін оқиғалар туралы әңгіме әлі басталмас бұрын, соның идеясын меңзейтін қысқаша таныстыру. Мысалдың бірінші нұсқасындағы

Жұрт біледі, күледі, ... –

деп басталатын жолдар прологқа жатады.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Мысалдың екі нұсқасын салыстыра оқып, прологтың атқарып тұрған қызметін дәлелдеп жаз.



Кітап – білім бұлағы

Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. / Әлем әдебиеті. – 2012. – №3.

Абай Крылов мысалдарын дәл аудармай, сюжетін еркін баяндап, қазақ тілінде төлтума аударма беруді мақсат еткен.

Зәки Ахметов

«ЕМЕН МЕН ШІЛІК» МЫСАЛЫ

Меңгерілетін білім:

- сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру;
- мәтіндегі, көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау;
- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау;
- көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу.

Тірек сөздер

*Икемділік
Менмендік
Иілу
Сыну*

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен емен ағашы мен шілік туралы мәлімет тауып, презентация жаса. Ғылыми ақпаратты мысалдағы жағдаймен салыстыр. Сәйкестік бар ма?

1898 жылы жазылған «Емен мен шілік» өлеңі де И.А.Крыловтың «Дуб и Трость» мысалының аудармасы. Жанры – поэзия (мысал өлең). Идеясы – қазақтың «әлін білмеген әлек» деген сөзінің мағынасын ашу. Өз шамасын межелей алмау – бұл да алаңғасар ақымақтықтың белгісі. Ешнәрсенің байыбына бармай, орынсыз мақтанып, есіріп жүргенде қалай мерт болғанын білмей қалатын алаңғасарлар емен бейнесімен сықақталса, тіршілік талаптарының ыңғайына көне білетін, өмірге бейім адамдар басы жерге жеткенше иілсе де, сынбай, аман қалатын солқылдақ шілік бейнесінде мадақталған.

Мысалдың орысшасы – 38 жол, Абайда 34 жолдан тұрады. Аудармада түпнұсқа мазмұны толық сақталған. 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

Абай «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы сияқты мұнда да тақырыпқа өзгеріс енгізген. «Трость» деген сөздің «құрақ» деген аудармасын алмай, оны шілікпен ауыстырған. Өйткені құраққа қарағанда, шілік – еменмен таласа алатындай бұтаның бір түрі. Ақын түбірі мықты еменмен құрақты жарыстырмай, жіңішке болса да, тайталаса алатын солқылдақ шілікті жарыстырады.

Қазақстан тоғайларында көп кездесетіндіктен, қазақ қауымы үшін ақылға сиятын, түсінуге де, илануға да оңай

тәсіл. Абайдың осындай табиғат құбылысын өмірдегі үндестікпен сабақтастыра алуын оның өнердегі шеберлігі деп айта аламыз.

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті:

– Аллаға, сорлы, неден жаздың? – депті.

– Торғайға да майысып, солқылдайсың,

Жел бүлк етсе, тебесің әлпеншекті.

...Обалың бір Құдайға, байғұс, сенің,

Қақтырып қойған мұнша бос селтекті, –

деп, емен шілікті кемсітіп сөйлепті:

Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,

Тау, жартасқа, ұзарып, бой теңестім.

Сенің қорыққан дауылың – маған өлкек.

Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім.

Тырп етпес менің күшім жауын, желге,

Жапырағым көлеңке талай жерге.

Ығыма сені де алып қорғар едім,

Иең сені бітірген иен дөңге.

Әрине діңі жуан 2 метрге дейін жететін әрі мықты, 40 метрге дейін өсетін емен қалай мақтанса да, болатын сияқты. Автор оның мақтаншақтығын дауылды жай «өлкек» жел ретінде көрем деген сөздермен жеткізеді. Расында да шілік торғай қонса да, жел соқса да, тербеліп кетуі мүмкін. Алайда бұл кемсітулерге шілік мойымайды, сабырмен жауап береді:

– Есіркегіш екенсің, – деді шілік.

Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!

Сынбаймын, майыссам да, солқылдаймын,

Желден маған келмейді еш кемшілік.

Шілік те табиғаттың талай апатын көрген, қиын жағдайларға төтеп берген, төзімді өсімдік болғандықтан, еменге былай ескерту жасайды:



VCD 07

Дискідегі «Піл мен қанден» мысалын тыңда. Мысалдың идеясы қандай?

– Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?

Кердеңдікпен деп тұрсың

не бар маған.

Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,

Екпінге ерегессең, қатер саған.

Шығыс ғұламасы Әбу Хашим айтқандай: «Инеменен тауды төңкеру, жүректен төкаппарлықты шығарудан оңай». Себебі

тәкаппар адам өзі туралы тым жоғары, ал басқалар туралы тым төмен пікірде болады.

Автор екеуінің сөздерін сынап көру үшін оқиғаны күрт шиеленістіреді:

Сенің түйгенің

Тәкаппардың кемшілігі неде? Одан арылуға бола ма?

Кавказға бір қап-қара бұлт мінді,
Есітіп тұрған кісідей тау күңіренді.
Жер дүниені шаң, тұман қабат басып,
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.
Арты бұршақ, алды шаң, жел құтырды,
Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
Басы көкке, сирағы жерге енсе де,
Ақырып долданғанда алып ұрды, –

Абайдың шығармаларын зерттеген ғалым Д.Ысқақұлы оқиғаның көркемдік бояуын қалыңдата түсу мақсатымен автордың Кавказға «бұлт мінгізіп», «тауды күңіrentіп», дауылды «ақыртып», «долдантип» қойғанына назар аудартады: «Мұның өзі кең далада жортып жүріп, еркін өскен табиғаттың қыр-сырын жетік меңгерген қазақ баласының сезіміне әсер етпей қоймайды. Демек, шығарманың оқырманға берер эстетикалық мәні арта түскен».

Абай мысалдың соңын негізгі идеяны аңғартатын екі жолмен аяқтаған:

Майысқаннан шіліктің несі кетті,

Батыр, мақтан сөйлеме, сен де о ғұрлы –

деп, басы жерге жеткенше иілсе де, сынбаған шілікті үлгі етеді.



«Тәкаппар» емен мен «иілгіш» шілік



Сөзмаржан

Торғайға да майысып солқылдайсың – торғай қонса да, майысып, иіліп кетесің деген мағынада

Жел бұлк етсе, тебесің әлпеншекті – сәл ғана жел шықса, әлпеншектей тербеліп кетесің деген мағынада

Селтек – етістік, селтең, селтең қағу. Елеңдеу, селтеңдеу, жалтақтау

Өлкек – зат есім, баяу екпінді жел, майда жел

Д.Ысқақұлы оны былай бағалайды:

«Бұл жерде иілгеннің, майысқанның барлығы жеңіліс емес; өмірде бәрі де болады; кейде жеңу үшін жеңілу де керек деген сияқты терең ойлар айтылып тұр. Өмір философиясы дегеніміз осы емес пе?!»

Абай бірнеше тілді, оның ішінде орыс тілін жетік білгені белгілі. Шығыс және орыс әдебиетімен жете танысып, айналасындағыларға мазмұнын баяндап беріп отырған. Біразын аударған. Д.Ысқақұлы бұл туралы: «Ақын орыс тілі арқылы Еуропа әдебиетінің Байрон, Гёте, Шиллер, Мицкевич сияқты ірі өкілдерінің кейбір өлеңдерін де қазақ тілінде сөйлетті. Сөйтіп, ұлттық поэзия-

мызды әлемдік әдебиеттің озық үрдістерімен байыта түсті; қазақ әдебиетін көркемдік дамудың әлемдік даңғыл жолына салды», – дейді.

Абай – қазақ әдебиетіндегі аударма өнерін алғаш қолға алған ақын. Қазақ әдебиетінде бүгінгі түсінігіміздей тәржімешілік дәстүрдің болмауы себепті де Абайдың аудармаларында шығыстағы нәзіралық пен батыс әдебиеттеріндегі дәл аударманың екеуі де көрініс береді.

Өлең Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинаққа кірген. Содан бері Абай кітаптарында үзбей жарияланып келеді.

1

Білу

1. Емен қандай ағаш?
2. Емен қай жерде өседі?
3. Шілік қандай өсімдік?

2


Түсіну

1. Неліктен емен шілікті кемсітті?
2. Шілік еменге қалай жауап берді? Неліктен?
3. Не себепті жіңішке шілік дауылдан аман қалды?
4. Діңі жуан, мықты емен неге құлап қалды?

1. Мысалдан үзінді ала отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образдарын кестеге толтыр.

Шығармадан үзінді	Кейіпкерлердің іс-әрекеті	Кейіпкер образы

2. Жұптық жұмыс. «Уақыт тізбегі» әдісімен «Емен мен шілік» мысалындағы оқиғаларға орай сюжеттік-композициялық жоспар құрыңдар.



1.
2.
3.
4.
5.
6.

1. Топтық жұмыс. 1-топ мысалдағы көркемдегіш құралдарды табады. 2-топ олардың қызметін талдайды.

Шығармадан үзінді	Көркемдегіш құралдар	Қызметі

2. Мысалдағы емен мен шіліктің жағдайларын «SWOT-талдау» әдісімен талда.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

Топтық жұмыс. «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі арқылы «Емен мен шілік» мысалынан түйген ойларыңды жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларыңды топтағы сыныптастарыңмен біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыныппен идеяларыңды бөлісіңдер (Бөліс).

«Еменнің иілгені – сынғаны» мәтелінің бүгінгі мысалға қатысы бар ма?



Білгенге маржан

И.А.Крылов француз қаламгері Лафонтеннің «Le chène et le roseau» (Емен мен қамыс) мысалын «Дуб и Трость» деп аударған. Ал Лафонтен оның идеясын Эзоптың «Зығыр мен Қурай» өлеңінен алған. И.А.Крылов «Дуб и Трость» туындысын 1806 жылы жариялаған. Тек 1830 жылы мысалдың соңғы нұсқасын жарыққа шығарған.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Абайтану әліппесі

Нәзиралық (нәзирашылдық) – нәзира үлгісі бойынша жарыса жазушылық. Көпке белгілі бір сюжетті бірнеше адамның жарыса жырлауын ежелгі шығыс поэзиясында нәзиралық деп атаған.

Абай нәзиралық дәстүрін қазақ әдебиетінде дамытып, жаңартты. Осы дәстүрмен «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты поэмаларын жазды.

<https://abaialemi.kz>



Жазып көр

Қазақ әдебиетінде Абайдың жолын жалғастырып, нәзира дәстүрімен шығарма жазған қаламгерлерді анықта.



Кітап – білім бұлағы

Абай. Емен мен шілік. <https://kitap.kz/audio-book/olengder-men-audarmalar-ekinshi-kitap>.

Міне, сен «Мініңді ұрлап жасырып» тарауын аяқтап, ақынның сатира жанрындағы аудармаларымен таныстың.
Не білдің? Не үйрендің? Кәне, өзіңді сынап көр.

ӨЗІңДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

Топтық жұмыс.

1. Үлгі бойынша 3-тараудағы шығармалар кейіпкерлеріне сипаттама беріп, кестені толтырыңдар.

Үлгі:

Сипаттама	Шегіртке	Құмырсқа	Есек	Бұлбұл
Біршып жүріп...				
Сауықшыл сорлы бүкшиді, ...				
Мұның, жаным, сөз емес, ...				
Қарағым, жылыт, тамақ бер, ...				
Маңайда жан біткенді таңырқатып, ...				
Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің, ...				
Екенсің ән салуға сен-дағы епті ...				

2. Төмендегі өлең шумақтары ақынның қай мысалымен үндес? Пікірлеріңді дәлелдеңдер.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Абай

Жұптық жұмыс.

- «РАФТ» әдісімен 3-тарау бойынша Абайдың мысал өлеңдеріне шолу жасаңдар.

«Есек пен
бұлбұл»

«Шегіртке
мен
құмырсқа»

«Қарға мен
түлкі»

«Емен мен
шілік»

Р – рөл – оқырман

А – аудитория – Абайға

Ф – форма – хат

Т – тақырып – «Мысал өлеңдерден менің түйгенім»

Жеке жұмыс.

1. «Автор орындығы» әдісімен ортадағы орындыққа отыр. Өзіңді автор ретінде сезініп, шығармалардың тәрбиелік мәні туралы айт.
2. «Мініңді ұрлап, жасыра аласың ба?» тақырыбына эссе жаз.
3. Тест сұрақтарына жауап бер.
 1. Абайға И.А.Қрылов өлеңдерін аудару идеясын ұсынған кісі:

А) Лосовский	Д) Михаэлис
В) Леонтьев	Е) Федоров
С) Долгополов	
 2. Мысалдағы әншінің «сыншысы»:

А) Өтеш	Д) Құмырсқа
В) Есек	Е) Емен
С) Шегіртке	
 3. Ақынның бір мысалында кездесетін «құстың төресі»:

А) Торғай	Д) Қарға
В) Көкек	Е) Шымшық
С) Бұлбұл	
 4. Мысалдағы «сауықшыл» жәндік:

А) Инелік	Д) Өрмекші
В) Шегіртке	Е) Көбелек
С) Құмырсқа	
 5. Мысалдағы «өмірге икемді» өсімдік:

А) Емен	Д) Жусан
В) Қурай	Е) Шілік
С) Қамыс	

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ФОРМАТЫНДАҒЫ ТАПСЫРМА ҮЛГІЛЕРІ

Мәтінді мұқият оқып, тапсырманы орында.

Шөпке тойған есек тоғай ішіндегі бұлбұлға кенеттен жолығып қалады. Бұлбұлдың сайрап беруін өтінеді.

Тамылжыта сайраған бұлбұлды қойшы, қой, жел, құс – бәрі тынып, тыңдап қалады.

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып,
Мың түрлі күйге салып толқынтады,
Маңайда жан біткенді таңырқатып.
Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп.

Алайда бұлбұлдың әні есекке ұнамай қалады:

Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
«Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
Өттегене-ай, білмепсің өтешті өзің!
Екенсің ән салуға сен-дағы епті,
Сен біраз өтеш әнін үйрен!» –

депті.

1) Төменде берілген тұжырымдардың дұрысын анықта.

- A) есек – ақымақ, надан адамның, бұлбұл – әнші, жұрттан асқан нағыз өнер адамының бейнесі.
- B) есек – ақылды, білімді адамның, бұлбұл – асқан шебер әншінің бейнесі.
- C) есек – ақымақ, дөрекі, бұлбұл – қызғаншақ адамның бейнесі.
- D) есек пен бұлбұл – айнымас достар.

2) Мысал идеясына сай мақал-мәтелді тап.

Сыншы сырын айтпайды.

Халық – қатесіз сыншы.

IV ТАРАУ

БЕЗЕНДІРГЕН ДҮНИЕНІ ТӘҢІРІМ ШЕБЕР

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың табиғат лирикасымен танысасың;
- адам мен табиғатты біртұтас бірлікте жырлаған мәдениетті поэзияны меңгересің;
- ақындық шеберлікті эстетикалық-танымдық тұрғыда танысың.

Абай өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді.

Қажым Жұмалиев

«ҚЫС» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- өлеңдегі поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау;
- өлеңдегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау;
- өлеңдегі ауыспалы сөздердің қолданысын анықтау;
- өлеңді құрылысына талдау.

Тірек сөздер

*Табиғатқа жан бітіру
Кейіптеу
Теңеу*

Зертте

Абай дәстүрін жалғастырып, қысты суреттеген қазақ ақындары бар ма? Қосымша ақпарат көздерінен тауып, презентация жаса.

Абай Құнанбайұлы табиғаты тамылжыған Сырт Қасқабұлақта дүниеге келген. Туған жерінің сұлулығынан сәби кезінен бастап нәр алып өскен Абай өлеңдерінде табиғатқа жан бітіреді, қимылдатады, сөйлетеді, сезіндіреді. Пейзаж бен адамның сезімі шебер үйлесім тапқан.

Абайға дейін де қазақ ауыз әдебиетінде кейіптеу болған. Кейіптеу – жансызға жан бітіріп суреттеу. Қазақ ауыз әдебиетінде қолданылған кейіптеулерді үшке бөлуге болады:

- жансыз нәрселерді жандандыру;
- жануарларға тіл бітіру;
- ескі нанымға байланысты әртүрлі мифті адам бейнесінде көрсету.

Абай кейіптеуді дамытты. Ауыз әдебиетінен алғаны жансыз нәрсені сөйлету болды. Бірақ Абайда ондағыдай табыну, жалбарыну жоқ. Ол табиғат құбылыстарын кейіптеу арқылы суреттеп, оқырмандарының көз алдына жанды түрде елестетуді мақсат етті.

Ақынның «Жазғытұры», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай» тәрізді өлеңдері – табиғат лирикасының жарқын үлгілері. «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы» сияқты аудармаларында орыс әдебиетіндегі кейіптеулердің, әсіресе Лермонтовтың табиғатты суреттеу әдісін үлгі етті. Осылайша ол

адамның ой-сезіміне, ой-өрісіне жан бітіріп, өмір құбылыстарын шынайы түрде әсем сипаттады.

Абайдың «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...» деп басталатын 1888 жылы жазылған өлеңінің тақырыбы – қыс мезгілі. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Жалпы көлемі – 24 жол, 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Жанры – поэзия (табиғат лирикасы). Идеясы – қыс мезгілінде орын алатын қиындықтармен күресе білу.

Мұнда қыс жанды адам бейнесінде кейіптеліп, ешкімді көрмейтін және ешнәрсені естімейтін қаһарлы, үрейлі, дойыр күштің иесі елестейді. Бұл жерде үскірік аяз бен қатты соққан боранды елестетсек, «соқыр-мылқау, танымас тірі жанды» деген сөздің мағынасын түсінеміз.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық...
...Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып...
...Бұлттай қасы жауып екі көзін...

Сырт келбеті (портреті) қорқынышты көрінген қыстың іс-әрекеті де алапат күшті. Мысалы,

Басқан жері сықырлап келіп қалды,
Демалысы – үскірік аяз бен қар...



«Соқыр, мылқау қыс келіп, әлек салды...»

Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды...

Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,

Алты қанат ақ орда үй шайқалды, –

деген өлең жолдарынан қаһарлы қыс мезгілінің бар бояуын, табиғи сипатын көреміз.

Академик Қажым Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» деген еңбегінде Н.А.Некрасовтың «Мороз, Красный нос» деген поэмасы мен Лермонтовтың табиғатты суреттеу лирикасының «Қыс» өлеңіне тигізген әсері туралы жазған. Десе де, табиғаттың кейбір құбылыстарын жанды бейнеде елестету қазақ ертегілерінде де, ауызекі сөзінде де кездеседі. Мысалы, «Қылышын сүйретіп қыс келеді».

Абайдың ерекшелігі – оның қыс бейнесін қазақ ұғым-түсінігіне сай ұлттық бояуы айқын етіп суреттеп бере білуінде. Мысалы: ...Көрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.

Қазақта «құда мыңжылдық» деген ұғым бар. Осыған байланысты ақын қысты құдаға теңеген. Себебі қыс – құда сияқты үнемі келіп-кетіп жүретін, яғни қайталанып тұратын құбылыс. Әрі қыс маусымына да құданы күткендей арнайы дайындық керек.

Өлеңде сол кездегі қазақ өмірінің шынайы тіршілік сипаты қыс суретімен үндесіп, оның қаһарлы, аязды бейнесі айшықтала түседі. Қысқы табиғаттың сипаты «әуес көріп жүгірген жас балалар», «беті-қолы домбығып үсік шалған», «бет қарауға шыдамай теріс айналып», «шидем мен тон қабаттап киген малшы», «қар тепкенге қажымас қайран жылқы, титығы құруына аз-ақ қалды», «қыспен бірге тұмсығын салған қасқыр» ретінде бейнеленеді.

...Соныға малды жайып, күзетіндер,

Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!

Ит жегенше, Қондыбай, Қанай жесін,

Құр жібер мына антұрған көрі шалды, –

деп, Абай соңғы шумағын малшыларға арнайды. Қыстың қаһарлы мінезіне төтеп беру қажеттігін және «антұрған көрі шалға» шығын бермеуді тапсырады. Мал қыс айының қаһарлы ызғарына ұшырап, ит-құсқа жем болғанша, оны Қондыбай мен Қанай ауылының еңбекқор адамдары жегені дұрыс деген ой тастайды.

Демек, Абай «еңбек түбі – зейнет» болатынын, сондықтан қыс қаншама қаһарын төксе де, ерінбей еңбек ете білуге тәрбиелейді.

Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинаққа кірген. Содан бері ақынның барлық кітаптарында жарияланып келеді.



Ұшпа – жеке, шоқ бұлт

Бурадай бұрқ-сарқ – бураның долданып, ашулануы

Соны – тың, жаңа. Соны жер – мал аяғы таптамаған жайылым. Соны қар – жаңа жауып, із түспеген қар

Шидем – жүннен тоқылатын сырт киім

Тон – иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен сырт киім

Қондыбай – ру аты

Қанай – Қанай өзенінің бойында отыратын ауыл аты

1

Білу

1. Хрестоматиядан өлеңді мұқият оқы.
2. Пейзаж деген не?
3. Ақын қысты кімге теңейді?
4. Өлеңде қыс көрінісімен қатар тағы не суреттелген?
5. Қондыбай, Қанай деген кімдер?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті қысты кәрі құдаға теңеген?
2. Абай кейіптеуді қалай дамытты?
3. QR-cod арқылы өлеңді тыңда (97-бет). Ақын қыс көрінісін шаруашылықпен қалай байланыстырған?

3

Қолдану

1. **Топтық жұмыс.** «Сканерлеп оқу» әдісімен өлеңді мұқият оқи отырып, негізгі ойды білдіретін сөздердің астын сызыңдар.
1-топ қызыл маркермен өлеңдегі зат есімдердің астын сызады.
2-топ көк маркермен өлеңдегі сын есімдердің астын сызады.
3-топ жасыл маркермен өлеңдегі негізгі ойды білдіретін сөздердің астын сызады.
2. **Жұптық жұмыс.** «Қылышын сүйретіп қыс келеді» түсінігін мәтінмен, суретпен көрсетіңдер. Мәтін мен суреттеріңді ақын өлеңінің мазмұнымен салыстырыңдар.
3. «Сөздер құтысы» әдісімен өлеңдегі *ақ киімді, денелі, ақ сақалды, соқыр-мылқау, үсті-басы ақ қырау, түсі суық, бұлттай қасы жауып екі көзін* деген сөздерді дәптеріңе жаз. Осы сөздердің лексикалық және ауыспалы мағыналарын анықта.

1. Жұптық жұмыс. Өлеңдегі қыс мезгілінің әсерін «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар. Көтерілген мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріңдер. Өлеңнен мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерге нақты дәлелдер келтіріңдер.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

2. Ақын заманындағы және қазір кездегі қыс мезгілінің ерекшеліктерін Венн диаграммасында салыстырыңдар.



1. «Қыс» өлеңіндегі поэтикалық тіл ерекшелігін «Төрт сөйлем» әдісімен анықтап, қорытындыла.
 - 1) Пікір
 - 2) Дәлел
 - 3) Мысал
 - 4) Қорытынды
2. Топтық жұмыс. «Серпілген сауал» әдісімен әр топтан бір оқушы тақырып туралы өз ойын айтады. Екінші оқушы оны толықтырады. Үшінші оқушы барлық айтылған ойларды бір жауапқа біріктіреді.



1. Өлеңдегі сөз образының эстетикалық құндылығын «Қос-жазба күнделігі» әдісімен бағала.

Абайдың қысты сипаттауы	Сөз образының құндылығына берген бағам

2. М.Әуезовтің «Табиғат – поэзия бұлағы» деген сөзін қалай түсінесің? Баға бер.



Білгенге маржан

Қыста еліміздің солтүстігінен Сібірдің қатты суығы келеді. Сол себепті солтүстік-батыс, солтүстікте және солтүстік-шығыста қыс ұзақ, қарлы әрі суық, аязды. Ата-бабаларымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне бейімдеп, қолдана білген. Жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа райындағы өзгерістер мен құбылыстарды әркез назарында ұстап отырған.

Алты қанат үй – алты керегеден тұратын үй. Кереге (қанат) – киіз үйдің талдан, жіңішке қайыңнан жасалатын қабырғалық бөлігі. Қазақта киіз үйлер тұрмыс салтына қарай 4, 6, 8, 12 қанат болып бөлінген. Уық байланған басының саны 17–20 болған. Хан ордасының кереге саны 30-ға дейін жеткен. Киіз үй керегеден басқа уық, шаңырақ, сықырлауық сияқты бөліктерден тұрады. Ал оған жабатын киіздер түндік, үзік, туырлық, іргелік деп аталады. Киіз үйдің ішін басқұр, бау, жел бау, таңғыш, шашақтармен безендіреді.

<https://e-history.kz/>



Абайтану әліппесі

Табиғат лирикасы – ақынның әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын, адамның табиғатпен жақындығын көрсететін өлең-жырлар.

Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністері – адам образын толықтыра түсетін тәсіл.

Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі.

Абай өлеңдерінің ерекшелігі – табиғаттың суретін адам өмірімен байланыстыра беруі, яғни адам мен табиғатты бірлікте жырлауы. Ақынның табиғат лирикасын оқығанда оқырманның көз алдына даладағы өзгеше өмір өзіне тән сыр-сипатымен тұтас елестеп, суреттеледі.

Портрет (көркем шығармадағы) – кейіпкердің болмыс-бітімі, ұлттық бейнесі, шынайы мінез-құлқы.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Интернеттен өзіңе ұнаған қыстың көрінісін жүктеп ал. Осы көріністі бейнелеп, өлең жазып көр. Мұндағы қыстың пейзажын кейіптеу мен теңеулер қолданып, сипаттап жаз. Кестені толтыр.

Қыс көрінісіне жазған өлеңім	Қолданылған кейіптеулер мен теңеулер



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Табиғаттың көркем бейнесі» материалын (127-бет) оқы. Оны бүгінгі тақырыппен байланыстырып, ойыңды түйіндеп, жоба жаса.

Сенің түйгенің

Қазір қыс мезгілінде қандай қиыншылықтар болуы мүмкін?
Қысқа қалай дайындалу керек?



Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Жеті томдық шығармалар жинағы. 2-том. Орал: Ағартушы, 2010. – 392 б.
3. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680-б.

Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді.

Қажым Жұмалиев

«КҮЗ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау;
- өлеңдегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу;
- өлеңдегі көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау;
- өлеңді құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру.

Тірек сөздер

Күз көрінісі
Суық түс
Дымқыл тұман

Зертте

Қазақстанның барлық өңірінде күз сипаты бірдей ме? Зерттеп көр.8

Ақынның «Күз» өлеңі 11 буынды қара өлең ұйқасымен (а-а-б-а) жазылған. 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Жанры – поэзия (табиғат лирикасы). Идеясы – күздің қара суығында қысқа дайындалып жатқан көшпелі елдің қауырт тіршілігін көрсету.

Өлең басталған бетте «Сұр» деген эпитет арқылы күз айының сұрқай көрінісі бірден айқындалады: «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан...». Жылдың әр мезгіліне қарай бұлтты сипаттайтын эпитет, теңеулер қазақтың сөздік қорында мол кездеседі. Ал мұнда жерді басқан «дымқыл тұман» мен аспанды қаптаған «сұр бұлт» өзара үндестік тауып, бірыңғай сұр түске енген табиғат көрінісі көз алдымызға елестейді. Бұлттың түсі де, тұманның түсі де сұр. Айналадағы табиғатта бұрынғыдай «жасыл шөп, бөйшешек жоқ». Сонда да «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан» деген көрініс – малды ауылдың тіршілік тынысы. Бірақ бұлардың да тойып секіріп жүргені не тоңып секіріп жүргені белгісіз. Дегенмен күз айында мал жейтін шөп әбден толысып, кемеліне жетеді. Мал семіреді. Автор «Білмеймін – тойғаны ма» деген сөзді күздің толысқан шағын жақсы білгендіктен де қолданып отыр.

Жалпы өлеңде жаз бойы жайлаудағы шүйгін шөптің құнарына тойынған



Малма – тері илейтін ашытқы. Теріні арнайы дайындалған иге (қоспаға) салып, араластыруды *малма сапсиды* дейді

Ене – 1. Екі жағы да ене деп атайтын ерлі-зайыптылардың анасы. 2. Мал төлінің анасы

Шуда жіп – түйенің шудасынан (өркеші, мойнындағы ұзын қылшықты жүн) ұршықпен иірілген жіп

Күзеу – көшпенді халықтың күзде отыратын қонысы, жайылымы



Дискідегі «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңін тыңдап, оны «Күз» өлеңімен салыстыр.

малды күзеуге түсірген кездегі жағдай сөз болады.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, Жапырағынан айырылған ағаш, құрай, – дегенде нағыз күз айының келгенін білеміз.

Қазақ қыстаудағы шөпті мал аяғы ерте таптамас үшін әбден қара суық түскенше күзеуде отырған. Бұл кезде тігілетін киіз үй де жаздағыдан бөлек болады. Жазда ақ шаңқан жеңіл үйлер тіксе, күзде киізі қалың жылы қоңырқай үйлерді қолайлы көрген.

Ал өлеңде «жыртық киім» киіп, жыртылған үйде тұратын кедей ауылдың тұрмыс-тіршілігі сөз болады. «Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай»: қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпіршалдардың сиқы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне толық сәйкес келеді. Өлеңдегі аспанды қаптаған сұр бұлт, жерді басқан дымқыл тұман, жапырағы түскен ағаш, сарғайып тозған күзеу – барлығы да көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортамен нақтылы сәйкес келеді.



Күзгі ауыл

Негізгі қорегі төрт түлік мал болғандықтан, жанға жайлы жасыл жайлаудан күзеуге түскен қарапайым халықтың бұл мезгілде жағдайы қиындайтынын Абай осылайша жеткізеді.

Дей тұрғанмен ақын:

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен, –

деп, күз мезгілінің де керуен сияқты жылжып өтіп кететін кезең екенін аңғартады. Бұл шумақтар – күздің нағыз шынайы суреттерінің бірі. Жыл құстары жылы жаққа ұшып барады. Көктегі белгілі тәртіппен тізіліп ұшқан құстар жердегі жүк артылған түйелердің керуенімен үндесіп тұр.

Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинаққа кірген. Содан бері Абай кітаптарында үзбей жарияланып келеді.

1

Білу

1. Хрестоматиядан өлеңді мұқият оқы.
2. Ақын күз мезгілін қалай суреттейді?
3. Күзеу деген не?
4. Қандай құстар күзде жылы жаққа кетеді?
5. Күзде қандай киіз үйлер тігілген екен?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті күзді қайыршы кемпір-шалға теңеген?
2. Автор неліктен «Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен» дейді?
3. Күз мезгілінде халық немен айналысқан? Не себепті?
4. Қазір ел күзеуге неге көшпейді?

3

Қолдану

1. **Топтық жұмыс.** «Сұрақ қою» тәсілі бойынша өлең мазмұнымен жұмыс істеңдер. Топ ішінен бір оқушы өлеңнің бір шумағын оқиды. Оқып болғаннан кейін келесі оқушы сол шумақ бойынша бір сұрақ дайындайды. Оқушылар осылай топ ішінде бір-біріне дайындаған сұрақтарды қойып, оларға жауап береді.
2. **Жұптық жұмыс.** «Рөлдік ойын» әдісімен сұхбаттасындар. Журналист пен ақын арасындағы сұхбат. Журналист ақынның өлеңге қатысты көңіл күйі, шығу тарихы туралы сұрақтар қояды. Ақын сұрақтарға жауап береді.

Ақын мен суретші арасындағы сұхбат. Ақын суретшіге «Күз» өлеңін көркемдеу керектігін айтады. Суретші өз идеясын айтады.

3. «Күз» өлеңін бөліктерге бөліп, тақырып қой. Өлеңге жоспар құр.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. «Аялдама-жолаушы» әдісімен өлеңді талдаңдар. Өлең алдымен топ ішінде оқылады. Әрбір топ өлең мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды. Топтан аттанған «жолаушылар» кезекпен «аялдамаға» (топтарға) тоқтап, сұрақтарын қойып, жауаптарын алады.
2. «Қос жазба күнделігі» әдісімен өлең жолдарынан көтерілген мәселені анықтап, ақынның негізгі идеясын талда.

Көтерілген мәселе	Ақынның идеясы

5

Жинақтау

1. Топтық жұмыс. «3 минуттық үзіліс» әдісімен 3 минут ішінде әр топ өлеңнің идеясы, тақырыбы, ұйқасы, көркемдегіш құралдар туралы мынадай сөздерді қолдана отырып, пікірлеседі:
Мен ... деген өз пікірімді өзгерттім.
Мен ... туралы көбірек мағлұмат алдым.
Мен ... таңғалдым.
Мен ... сезімде болдым.
2. Өлеңдегі көтерілген мәселені түйіндеп, эссе жаз.

6

Бағалау

1. Өлеңдегі күз суретінен қазіргі күз мезгілінің айырмашылығы бар ма?
2. «Күз» өлеңінің тарихи құндылығына баға бер.



Білгенге маржан

Шом – түйенің беліне жүк батпас үшін салынатын жұмсақ зат. Шомшы – түйемен жүк тасушы адам. Ақшомшы – Жібек жолы саудасына байланысты туындаған тұрмыстық термин. Түйеге астық артып

немесе тері-терсек, жүн өткізіп, қажетті затын алып қайту үшін әрбір ауыл түйеге шом артады. Жинала келе жүк артылған түйелер қаздай тізілген көш болады. Осы кәсіп ақшомшы деп аталған. Бұл жерде автор егіншілерге малын айырбастап, түйелеріне астық артып қайтқан түйелер шоғырын айтып отыр.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі



Абайтану әліппесі

Эпитет (айқындау) – заттың немесе құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер. «Күз» өлеңіндегі эпитеттер: *сұр бұлт, түсі суық, дымқыл тұман, жасыл шөп* т.б.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі

Теңеу – затты, нәрсені, құбылысты екінші нәрсенің белгісі, сапасы, қасиетімен салыстыру. Көбінесе *-дай/-дей, -тай/-тей, -ша/-ше), -дайын/-дейін* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, *шал-кемпірдей* т.б.

Қазақ теңеулері



Жазып көр

Эпитет пен теңеулерді қолданып, өз ойыңмен күзді сипаттап жаз.



Сенің түйгенің

Табиғатты сипаттауда шындық бейнені беру тәсілін үйрендің бе? Қазіргі күзді қалай суреттер едің?



Кітап – білім бұлағы

1. Жетісу. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2004. – 712
2. Жұртбай Т. Абайдың астарлы сөздері. «Қасым» журналы, 9 қараша, 2016.

Ақын «Жаз» өлеңінде осы мезгілдің дәл кемеліне келіп тұрған кезін көрсетпек болады.

Қажым Жұмалиев

«ЖАЗ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының қызметін анықтау;
- шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау;
- шығармадан алынған әсерін зерделеп, заман-дастарына хат жазу.

Тірек сөздер

*Жаздыгүні
Көгорай шалғын
Көшкен ауыл
Көңілді жұрт*

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен ақынның шәкірттері туралы мәліметтерді жинақтап, презентация жаса.

1886 жылы «Жаздыгүн шілде болғанда» деп басталатын Абайдың «Жаз» өлеңінің тақырыбы – жылдың төрт мезгілінің ішіндегі жаз уақыты. Өлең кезекті ұйқас түрімен 7–8 буынды жыр үлгісімен жазылған, 60 тармақтан тұрады. Ұйқасқан етістіктердің соңғы бунағы тегіс үш буыннан тұрады. Мысалы: *қыл-тыл-дап, шы-бын-дап, бұл-тыл-дап...* Бұл – өмір шындығын әсерлі, тартымды етіп бейнелеп берудің үздік үлгісі.

Жанры – поэзия (табиғат лирикасы). Өлеңнің негізгі идеясы – жаздың әсем суреті мен елдің тіршілік тынысы, тұрмысы: жасыл жайлаудағы көшпенді елдің жаз мезгіліндегі өмір сүру салтын көрсету.

Төрт түлік малшаруашылығымен ғана айналысатын қарапайым халыққа жаз жайлау көп жеңілдік, қуанышқызық әкеледі. Өлеңде көгорай шалғын, бәйшешектің ұзарып өсіп толған кезінде күркіреп жатқан өзенге қалың елдің көшіп келіп, орналасып жатқан сәті бейнеленген.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда, –
деген шумақ өлеңнің кіріспесі ғана болса да, мұнда ақын қоныс тепкен жайлау орнынан хабар береді.

Ілияс Жансүгіров «Жаз» өлеңінің көркемдік ерекшелігін өте жоғары бағалаған: «Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбыс құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі – өлең ұйқастығы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы».

Күркіреп жатқан өзен тынымсыз тіршілік белгісін елестетеді. Бұдан кейінгі суреттеу бірыңғай үш буыннан тұратын етістіктер арқылы жайлау көрінісі ретімен тізбектеліп, тығыз байланыста өрбиді:

- жылқының биік шалғыннан жоны *қылтылдап* көрінуі;
- көкке әбден тойып алған ат, айғырлар, биелердің бүйірі шығып тойғандықтан, *ыңқылдап* тұруы;
- шыбындаған кезде суға кіріп, шыбыннан өзін қорғап, құйрығымен *шылпылдап* тұруы;
- құлын-тайлардың *бұлтылдап* шауып жүруі;
- үйрек-қаздың *сымпылдап*, жоғары-төмен ұшып жүруі;
- киіз үйді тігіп жүрген қыз-келіншектердің бұрала басып, *сыңқылдап* күлуі;
- қаршыға сияқты қыран құстарының *жарқылдап* қаз-үйректі ұстауы – жайлаудағы елдің қалтқысыз өмір шындығы, дамылсыз тіршілік тынысы. Осындағы етістіктердің барлығы – бейнелеуіш сөздер.



Жайдары жаз



Сөзмаржан

Күркіреп – өзеннің қатты аққан дыбысы

Шұрқырап – жылқының кісінеуі

Шалғын – жайылым немесе қалың шөп

Жоны – арқасы

Ыңқылдап – тойынғанның белгісі

Жылпылдап – тез қозғалу

Қыңқылдап – жыламысырап

Аңқылдап – ақ көңілденіп

Қаңқылдап – айғайлап

Салпылдап – ұзақ жүрістен келу

Кутыңдап – мәз болу

Абайдың поэтикалық тілін зерттеген Зәки Ахметов: «Қазақ тілінде, соның ішінде өлең тілінде өте көп қолданылатын мұндай сөздердің көркемдік, мәнерлік қасиетін, қимыл-әрекеттің көрінісін не дыбыс үнін айнытпай жеткізетін мағыналылығын Абай анық байқап, ұтымды пайдалана білген», – деп жазады.

Бұл өлең 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінің 7-санында Көкбай Жанатайұлының атымен жарияланған. Көкбай өз естелігінде осы өлеңнің шығу тарихын былай деп еске алады: «Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен, үй тігіліп болып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің (тау аты. Р.З.) бойынан асайын деді ғой», – деді.

Мен: «Асса, басында қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып, қайта аларсыз» деп қалжыңдадым, сөйтсем, сол күні «Жаздыгүн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған сөзіне ең алғаш рет аз да болса, қанағат қылғанын көргенім осы. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын», – деді. «Жаз» өлеңінің ерекшелігінің бірі – ақынның өз шығармасына көңілі толуында.

Өлең оқырманға эстетикалық тәрбие беріп, табиғатты сүйе білуге, айналаны құрметтеуге тәрбиелейді.

1

Білу

1. Хрестоматиядан өлеңді мұқият оқы.
2. Өлең қандай ұйқаспен жазылған?
3. Ақын жаз мезгілін қалай сипаттайды?
4. Жайлау деген не?
5. Күркіреп жатқан өзен нені білдіреді?

2

Түсіну

1. «Жаз» өлеңінің ерекшелігі неде?
2. QR-cod арқылы өлең үзіндісін тыңда (109-бет). Автор неліктен адамдардың көңіл күйін көтеріңкі етіп суреттеген?

3. Ақын «Жаз» өлеңін неге өз атынан бергісі келді? Бұрын кімнің атынан жариялаушы еді?
4. Өлеңнің жыр үлгісімен жазылғанын қалай білеміз?

3

Қолдану

1. «Жаз» өлеңінің маңызын «DEAL» әдісімен түсіндір.
D – Describe – шығармадағы белгілі бір оқиғаны сипаттау.
E – Explain – оқиға бойынша не білетінін түсіндіру.
A – Analyse – ақпаратты талдау.
L – Links – өзінде бар біліммен байланыстырып, қорытынды жасау.
2. Жұптық жұмыс. Шығарма мазмұны бойынша «Диаманта» әдісімен жеті жолдан тұратын өлең құрастырыңдар. Бірінші және соңғы жолдары қарама-қарсы мәнде болуы қажет.
1, 7-жолдары – антоним зат есімдер;
2-жолы – бірінші зат есімге екі сын есім;
3-жолы – бірінші зат есімге үш етістік;
4-жолы – зат есімді екі сөз тіркесі;
5-жолы – екінші зат есімге үш етістік;
6-жолы – екінші зат есімге екі сын есім;

4

Талдау

1. «Жаз» өлеңіндегі үзінділерді мұқият оқып, бейнелеу, суреттеу құралдарының қызметін талда.

Өлеңнен үзінді	Бейнелеу, суреттеу құралдары (теңеу, эпитет, қайталау)	Ақынның қолданысы

2. Топтық жұмыс. «Салыстыру картасы» әдісімен ақынның «Күз» және «Жаз» өлеңдерін салыстырып, талдаңдар.

«Күз» өлеңі	«Жаз» өлеңі
Үндестігі	
Табиғат сипаты	
Құстардың сипаты	
Адамдардың көңіл күйі	
Ауа райы	

- Жұптық жұмыс. Өлең бойынша «Биопоэма» әдісімен «Жаз» өлеңі туралы жұпта сұхбаттасындар.
 - Атауы –
 - Жазды сипаттайтын 2–3 сөз –
 - Жаз мезгілінің жақсы жақтары 2–3 сөз –
 - Қолайсыз жағы 2–3 сөз –
 - Жаздағы сезім –
 - Жаздың болашақтан күтетін 2–3 заты –
 - Мекенжайы –
 - Тегі –
- Өлеңнен алған әсеріңді зерделеп, замандастарыңа хат жаз.

«Құндылықтар спектрі» әдісімен «Жаз» өлеңіне берілген құнды пікірлерді зер сала оқи отырып, өзіңнің бағаңды бер.

Илияс Жансүгіров	Зәки Ахметов	Өзімнің беретін бағам
Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбыс құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі – өлең ұйқастығы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы.	Қазақ тілінде, соның ішінде өлең тілінде өте көп қолданылатын мұндай сөздердің көркемдік, мәнерлілік қасиетін, қимыл-әрекеттің көрінісін не дыбыс үнін айнытпай жеткізетін мағыналылығын Абай анық байқап, ұтымды пайдалана білген.	

Білгенге маржан

Көкбай Жанатайұлы – ақынның шәкірттерінің бірі. Суырыпсалма ақын болған. Абай 1880–1886 жылдар аралығындағы жазған өлеңдерін «Дала уалаяты» газетінде Көкбайдың атынан жариялатып жүреді.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және неше алуан жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаттары мен әрекет қимылдарын көру мүшесі – көз арқылы қабылданған бейне-көріністердің атаулары. Мысалы,

Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Өлеңдегі бейнелеуіш сөздерді тауып, дәптеріңе жаз. Олардың қызметтерін түсіндіріп, пікіріңді дәлелде.



Шығармашылық тапсырма

Хрестоматиядағы «Абайдың бүркеншік аты» материалын оқы (142-бет). «Жаз» өлеңінің ақын өміріндегі маңызы туралы презентация жаса.

Сенің түйгенің

Жаз мезгілі несімен қызық? Сен жазда немен айналысасың?



Кітап – білім бұлағы

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995. –310 бет (қайта басылым, 2008).
2. Абай туралы естеліктер. (2-басылым). Абай мемлекеттік қорық-музейінің қорынан). (Жалпы редакциясын басқарған музей директоры Б.Жүнісбеков).– Алматы: Қаламгер, 2018. – 504 б.
3. abai.kz ақпараттық порталы.
4. adebiet.kz әдеби әлем порталы.

Ақын жазғытұрғы кезді қазақ халқын еңбекке жұмылдыратын, тіршілік үшін күресінің қайнар көзі деп таниды.

Қажым Жұмалиев

«ЖАЗҒЫТҰРЫ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:


- өлеңді оқып, негізгі ой түйіндерін анықтау;
- поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау;
- сөз образының эстетикалық құндылығын табу;
- шығарма тіліне, көркемдік тәсіліне, этномәдени бірліктеріне талдау.

Тірек сөздер

*Масатыдай құлпыру
Ата-анадай елжіреу
Жер жүзін безендіру*

1890 жылы жазылған «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» деп басталатын «Жазғытұры» өлеңінің тақырыбы – көктем мезгілінің көрінісі және ел өмірі. Өлең 11–12 буынды (а-а-б-а) қара өлең ұйқасымен жазылған, 66 тармақты 16 шумақтан тұрады. Жанр түрі – поэзия (өлең).

Өлеңнің негізгі идеясы – көктем мезгілінің суретін барынша көркем бейнелеу. Көктемнің жер-дүниеге жан бітіруі, исіндіруі, құлпыртып түрлендіруі өлеңнен керемет көрініс тапқан. Бұл мезгілдің ел тіршілігіндегі орны, жанға жайлы еңбекке қолайлы табиғат



«Қырдағы ел ойдағы елмен араласты»

сыйы екені дәріптеледі. Шаруа бір малы екеу болып, қуанады. Кемпір-шал өз тұстастарымен көрісіп, мәз-мейрам болады. Жастардың шаруадан қолы босап, сырласады.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып...

Сондай-ақ автор адамдарды ғана емес:

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су, –
деп табиғаттың өзіне де жан бітіре суреттейді.

Табиғатқа көрік беретін сан алуан құстардың да аты аталады.

Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен құлар, –
деп, бұлар да әсем табиғатпен бірге әсерленеді.

Ақын көктемнің хабаршысы жыл құсының маңызын былай білдіреді:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Қанжығасы майланған аңшы мен құс-бегілер, жаңа пұл тапқан саудагерлер, жер жырттып, егін еккен диқаншылар да көңілді. Жер жібіп, «қара тастан басқаның бөрі жадырап», күннің шуағынан құлпырады, тек сараң ғана жадырмайды. Өйткені «Бір сараңнан басқаның пейілі енер» деп Абайдың өзі айтқандай, жаратылысынан пейілі тар адам жалпы-адамзаттық дүниеге қуана алмайды. Сол үшін ақын адамдардың бәрін мейірбан болуға шақырады:

«Мейірбандық дүниеге нұрын төгер».

Абайдың «Жазғытұры» өлеңі адам баласын табиғатпен бірге үндесіп, түрлене құлпырып, құлшына еңбек етуге, қоршаған ортада бір-бірін түсініп, бағалап, қуанышпен бөлісіп, мейірбандықпен бірлесіп өмір сүруге тәрбиелейді. Осы өлеңді оқыған адам қазақ халқының көктемдегі тұрмыс-тіршілігімен де өте жақын танысады. Себебі ақын өлеңінде



Сөзмаржан

Жазғытұры – жаздан бұрын, көктем
Қу – аққу
Баз (парсыша) – қаршыға

Зертте

Өзің тұратын жерде көктемнің алғашқы белгісі қандай? Қандай құстар қыстап қалады? Алдымен қандай құс елге оралады? Зертте.

этномәдени бірліктерді, яғни халқымызға тән ұлттық бояуды молынан келтірген.

Этникалық мәдениет – белгілі бір халықтың тарихи жағдайларда қалыптасқан, ғасырдан ғасырға мұра болып келе жатқан ұлттық-мәдени байлығы. Этномәдени бірліктер – халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын білдіретін сөздер.

1

Білу

1. Хрестоматиядан өлеңді мұқият оқы.
2. Ақын көктемді қандай сезіммен жырлаған?
3. Жазғытұры деген қай мезгіл? Оның басқаша атауы бар ма?
4. Өлеңде қандай тіршілік иелерінің атауы кездеседі?
5. Шығармада қандай құстар аталады? Олар қыстап қалатын құстарға жата ма?

2

Түсіну

1. Не себепті «жазғытұры қыстың сызы қалмайды»?
2. «Қара тастан басқаның бәрі жадырап» дегенді қалай түсінесің?
3. Ақын аспан мен жерді кімдерге теңеген? Неліктен?
4. Өлеңді қандай эмоциямен оқыдың? Не себепті?

3

Қолдану

1. Топтық жұмыс. «Эстафета» әдісімен өлеңді оқыңдар. Өлең мәтіні үш бөлімге бөлініп, қабырғаға ілінеді. Топтан бір оқушы жазушы рөлін атқарады. Әр топтан бір оқушы қабырғадағы өлең үзіндісін оқып алып, мазмұнын жазушыға келіп айтып береді. Жазушы оның айтқанын тез жазып алады. Екінші оқушы өлеңнің келесі бөлігін жобалап тауып оқып, жазушыға айтып береді. Жазушы оны да жазып қояды. Осындай тәртіппен әр топ өздеріне берілген үзіндіні оқып бітірулері керек. Соңында топтағы жазбаларды оқиды. Топ мүшелері оларды өлеңмен салыстырады.
2. Өлең мазмұнына сүйене отырып, негізгі ой түйіндерін жаз.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. «Үш түрлі әңгіме» әдісі арқылы өлеңді талдаңдар:
Әңгіме дебат. Автор көктемнің бейнесін бере алды ма?

Келісімшілік әңгіме. Көктемде бар тіршілік оянады.
Зерттеушілік әңгіме. Негізгі ойды ғаламдық тақырып-
тармен байланысты талдау (климаттың өзгерісі т.б.)

- Жұптық жұмыс. Шығарма тіліне, көркемдік тәсіліне, этномәдени бірліктеріне талдаңдар.



5

Жинақтау

- Өлеңдегі суреттеу құралдарының қызметін анықтап, кестеге толтыр.

Суреттеу құралдары	Мысалдар
Теңеу	
Эпитет	
Кейіптеу	

- Өлеңдегі поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындап, ойыңды түйіндеп жаз.

6

Бағалау

- Интернеттен жас әнші Ержан Максимнің орындауындағы «Жазғытұры» әнін тыңдап, баға бер.
- Өлеңдегі сөз образының эстетикалық құндылығын тауып, бағала: *масатыдай құлпырған, ата-анадай елжірер, гүл мен ағаш майысып қарағанда.*



Абайтану әліппесі

Метафора – екі нәрсені немесе құбылысты жанастырып, жақындату негізінде астарлы, тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Шығармадағы заттың (құбылыстың) суретін күшейту үшін оны басқа затпен (басқа бір құбылыс) балап айту.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі

Абай – өлеңдерінде метафораны көп қолданған ақын. Мысалы,
Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел...

Абай



Жазып көр

Өлеңнен метафораларды тауып, дәптеріңе жаз.



Білгенге маржан

Абай өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, мағынасы мен мәнін ұғындырып, сын айтатын...

Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол – қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы», – деп құрметпен сөйлейтін. «Ақындық шабыты шын келгенде адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде жай, жабайы адам болмайды», – дейтін.

Көкбай Жанатайұлы

Сенің түйгенің

Ақын көктем мезгілін неге халықты еңбекке жұмылдыратын кезең деп санаған? Сен қалай ойлайсың? Бұл жыл маусымында қандай әрекет жасайсың?



Кітап – білім бұлағы

Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара-сөздер/ Абай Құнанбайұлы. – Алматы: Мектеп, 2007. – 241 б.

Міне, сен «Безендірген дүниені тәңірім шебер» тарауын аяқтап, ақынның сомдаған көркем образдарымен таныстың. Не білдің? Не үйрендің? Кәне, өзінді сынап көр.

ӨЗІНДІ ТЕКСЕР

Топтық жұмыс. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісімен ақынның табиғат лирикасындағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау.

Сынып 6 топқа бөлінеді, әр топ өзіне бір қалпақты таңдайды. Әр қалпақтың түсі ойдың даму бағытын анықтайды.

Ақ қалпақ – ең бейтарап топ. Осы топ мүшелері деректермен жұмыс жасайды. Осы деректерді дәлелдейді.

Сары қалпақ – шуақты, бақытты, позитивті топ. Бұл топтың мүшелері тақырыптың артықшылығын іздейді.

Қара қалпақ – күңгірт түс, күмән келтіргіш топ. Бұл топ айтылған жайттарға қарсы күмән келтірулері тиіс.

Қызыл қалпақ – эмоциялық топ. Бұл топ өздеріне әсер еткен жайттарды баяндайды.

Жасыл қалпақ – шығармашылық топ. Осы топтың мүшелері берілген жағдайға тосын жаңа шешімдер ұсынады.

Көк түс – баға беруші топ. Барлық топтардың ұсыныстарын бағалайтын және оңтайлы шешім табатын сарапшылар мен талдаушылар.

Жұптық жұмыс. «Жасырын сурет» тәсілімен бір оқушы ақынның табиғат лирикасына байланысты салынған суретті жұбына көрсетпей қарап шығады. Содан соң жұбына осы суретті сипаттайды. Тыңдап отырған оқушы алдымен суреттің қай шығармаға қатысты екенін айтады. Суретті өз түсінігімен салып шығады. Жұптар алмасып жұмыс істейді. Ең соңында салған суреттерін түпнұсқамен салыстырады.

Жеке жұмыс.

1. «6 неліктен» әдісімен сұрақтарға жауап жаз.
 - 1) Неліктен осы тарау «Безендірген дүниені тәңірім шебер» деп аталады?
 - 2) Неліктен Абай кейіптеуді дамытты деп айтамыз?
 - 3) Неліктен М.Әуезов «Табиғат – поэзия бұлағы» деп атаған?
 - 4) Неліктен ақын қысты кәрі құдаға теңеген?

- 5) Неліктен ақын заманында халық күзеуде ықтырмамен отырған?
- 6) Неліктен гүл-бәйшешек жер жүзіне өң береді?
2. «Безендірген дүниені ақын шебер» деген тақырыпқа дәлелдемелік эссе жаз.
3. Тест сұрақтарына жауап бер.
1. «Тастағы үнін қосар байғыз, көкек» өлең жолы ақынның қай шығармасынан алынды?
- A) «Қыс»
 - B) «Жаз»
 - C) «Жазғытұры»
 - D) «Күз»
 - E) «Желсіз түнде жарық ай»
2. Кейіптеу деген не?
- A) Адамды сипаттау
 - B) Жансызға жан бітіре сипаттау
 - C) Кейіпке кіру
 - D) Бір нәрсені екінші нәрсеге теңеу
 - E) Дерексіз нәрсені деректі нәрсеге айналдыру
3. Ақынның қай шығармасында құстар туралы айтылмайды?
- A) «Жаз»
 - B) «Жаздыгүн шілде болғанда»
 - C) «Жазғытұры»
 - D) «Күз»
 - E) «Қыс»
4. «Түрленер тоты құстай» қандай суреттеу құралына жатады?
- A) Метафора
 - B) Эпитет
 - C) Кейіптеу
 - D) Теңеу
 - E) Қайталау
5. Ақын қай өлеңінен кейін шығармаларын Көкбайдың атынан жариялауын тоқтатты?
- A) «Қыс»
 - B) «Желсіз түнде жарық ай»
 - C) «Жазғытұры»
 - D) «Күз»
 - E) «Жаз»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ФОРМАТЫНДАҒЫ ТАПСЫРМА ҮЛГІЛЕРІ

1. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Абайдың ерекшелігі – оның қыс бейнесін қазақ ұғым-түсінігіне сай ұлттық бояуы айқын етіп суреттеп бере білуінде. Мысалы:

...Көрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.

Қазақта «құда мыңжылдық» деген ұғым бар. Осыған байланысты ақын қысты құдаға теңеген. Себебі қыс – құда сияқты үнемі келіп-кетіп жүретін, яғни қайталанып тұратын құбылыс.

- 1) Егер сен ақын болсаң, қысты неге теңер едің, оқиганы қалай аяқтар едің?
- 2) Қыс мезгілін көп адам ұнатпайды.

Осы пікірмен келісесіңдер ме? Жауаптарыңды нақты деректерге сүйене отырып, жазыңдар.

Келісемін, өйткені...

Келіспеймін, өйткені...

2. Өлең шумағын оқып, осыған сәйкес мақал-мәтелді тап.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.

- A) Ер елінде,
Гүл жерінде.
- B) Бір гүл көктем жасай алмайды.
- C) Қыз өссе – елдің көркі,
Гүл өссе – жердің көркі.

3. Өлең шумағын мұқият оқып, төмендегі нұсқаның бірін таңда.

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.

- A) Өлең ата-ананың мейірімі туралы
- B) Табиғат туралы

ГЛОССАРИЙ

Антоним – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Ақын өлеңде «істің ақ пен қарасы» сияқты антонимдерді жиі қолданған.

Ирония – кемшілікті, мінді астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Абай шығармаларында иронияны әлеуметтік өмірдегі кемшіліктерді мінеп, шенеуге арнады. Ақын ирониясының мақсаты – оқырманына әсер ету, көтеріп отырған мәселесінің өзектілігіне назар аударту үшін ерекше екпін түсіре жеткізу.

Кейіптеу – әртүрлі жануарларды, өсімдіктерді, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Мысалы, «жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт, өнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп».

Нәзиралық (нәзирашылдық) – нәзира үлгісі бойынша жарыса жазушылық. Ежелгі шығыс поэзиясында көпке белгілі бір сюжетті бірнеше адамның жарыса жырлауы.

Абай нәзирашылдық дәстүрін қазақ әдебиетінде дамытып, жаңартты. Осы дәстүрмен «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты поэмаларын жазды.

Өмірбаян – жеке адамның өмір тарихы, яғни тұлғаның аты-жөні, туған жылы, отбасылық жағдайы, қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат.

Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі.

Абай өлеңдерінің ерекшелігі – табиғаттың суретін адам өмірімен байланыстыра беруі, яғни адам мен табиғатты бірлікте жырлауы. Ақынның табиғат лирикасын оқығанда оқырманның көз алдына шынайы көрінісі елестеп, даладағы өзгеше өмір өзіне тән сыр-сипатымен тұтас суреттеледі.

Пролог – көркем шығарманың кіріспе бөлімі. Шығармадағы суреттелетін оқиға туралы әңгіме әлі басталмас бұрын, соның идеясын меңзейтін қысқаша таныстыру.

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Абайдың 10 жасындағы тұңғыш өлеңі сатирамен жазылған. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Ақын сатираны шығармашылығында кең пайдаланған және оны жаңартып, дамытқан.

Табиғат лирикасы – ақынның әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын, адамның табиғатпен жақындығын көрсететін өлең-жырлар.

Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністері – адам образын толықтыра түсетін тәсіл.

Тақырып – әдебиеттің іргетасы. Қаламгер көркем шығармасына негіз еткен өмір құбылыстарының тобы тақырып болады.

Абай шығармаларының тақырыбы жан-жақты, аясы кең.

Теңеу – затты, нәрсені, құбылысты екінші нәрсенің белгісі, сапасы, қасиетімен салыстыру. Мысалы, *шал-кемпірдей* т.б.

Шендестіру (антитеза грек. *antithesis* – қарама-қарсылық) қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік әдіс. «Шегіртке мен құмырсқа» мысалында ақын еңбекқорлық пен жалқаулықты қарама-қарсы қойған.

Шығарманың идеясы – шығарманың мәнін, мазмұнын айқындайтын негізгі ой, автор көзқарасы. Абай шығармашылығынан ерекше орын алатын тақырыптың бірі – оның ағартушылық идеясы.

Фабула (лат. *fabula* – аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Әдеби шығармалардағы баяндалатын оқиғалардың желісі, қысқаша мазмұны.

Эпиграмма (грек. *epigramma*) – белгілі бір адам не зат жайында әзілдеп айтылған шағын сықақ өлең. Абай біраз эпиграммалар жазған.

Эпитет (айқындау) – заттың немесе құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер. Мысалы, «Күз» өлеңіндегі эпитеттер: *сұр бұлт*, *түсі суық*, *дымқыл тұман*, *жасыл шөп* т.б.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай өлеңдері мен шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003.
2. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2009.
3. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.
4. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық өлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
6. Аханова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ.Қ., Сүлейменова Д.Ә. Ресми-іскери қазақ тілі. – Алматы: Арман-ПВ, 2010.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
8. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография / шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
9. Әуезов М. Абай жолы. 1–4-т. – Алматы: Жазушы, 2002.
10. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Көптомдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Алатау, 2005.
11. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001.
12. Байтұрсынұлы А. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
13. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
14. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Жеті томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Орал: Ағартушы, 2010.
15. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.
16. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.

17. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2020.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: Арыс, 2009.
19. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
20. Қасқабасов С. Абай поэзиясының ренессанстық сипаты. – Алматы: Информ-А, 2005.
21. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1–4-т. – Алматы: Дәуір, 1993–1997.
22. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994.
23. Сыздық Р.С. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2011.
24. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. / Әлем әдебиеті. – 2012. – №3.

Электрондық ресурстар:

<https://abai.lemi.kz/>
<https://adebiportal.kz/kz>
<https://kitap.kz/>
<http://pushkinlibrary.kz/>
<https://semeylib.kz/>
<https://abai.kz/>
<http://abay-museum.kz/>
<http://semeymuseum.kz/>
<https://e-history.kz/>
<http://old.baq.kz/>
<https://khabar.kz/>
<https://qazaqadebieti.kz>
<https://egemen.kz/>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
I ТАРАУ. АБАЙДЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ, ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	5
Кіріспе.....	6
«Абайтану» пәні туралы түсінік.....	6
Мұхтар Әуезов. «Абайдың өмірбаяны» мақаласы.....	11
Бала Абай.....	11
«Абайдың өмірбаяны» мақаласы.....	17
Дана Абай.....	17
Мұхтар Әуезов. Зерек те талапты жас.....	24
«Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі.....	32
«Интернатта оқып жүр» өлеңі.....	38
Өзіңді тексер.....	43
Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері.....	45
II ТАРАУ. БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ.....	47
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі.....	48
Отыз бірінші қарасөз.....	54
Отыз екінші қарасөз.....	59
Өзіңді тексер.....	65
Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері.....	67
III ТАРАУ. МІНІҢДІ ҰРЛАП ЖАСЫРЫП.....	69
«Есек пен бұлбұл» мысалы.....	70
«Шегіртке мен құмырсқа» мысалы.....	75
«Қарға мен түлкі» мысалы.....	80
«Емен мен шілік» мысалы.....	86

Өзіңді тексер	92
Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері.....	94
IV ТАРАУ. БЕЗЕНДІРГЕН ДҮНИЕНІ ТӘҢІРІМ ШЕБЕР	95
«Қыс» өлеңі	96
«Күз» өлеңі	103
«Жаз» өлеңі.....	108
«Жазғытұры» өлеңі.....	114
Өзіңді тексер	119
Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері.....	121
Глоссарий	122
Пайдаланылған әдебиеттер.....	124

Оқулық басылым

**Руда Зайкенова
Рахима Сакенова
Айнұр Калиолданова**

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
5-сыныбына арналған оқулық

Бас редакторы А.Бекболатова
Редакторы А.Ізет
Техникалық редакторы В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы Т.Давлетова
Бильд редакторы Ш.Есенкулова
Суретші-бездірушілері О.Подопригора, А.Айтжанов
Мұқабаның дизайні О.Подопригора
Беттегендер Л.Костина, С.Сүлейменова

Біздің мекенжайларымыз:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz
Павлодар қ. Исиналиев көшесі, 1 үй, 105 офис
Тел.: +7 (7182) 615996

Сату бөлімі:

Алматы қ., Төле би к-сі, 299 үй, 3 қабат, 312 кабинет
Тел: +7 (727) 2430439

Теруге 12.04.21 берілді. Басуға 14.06.22 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 10,32. Таралымы **** дана.

Артикул 805-003-001к-22